

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ
Ш. ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ “ТІЛ-ҚАЗЫНА” ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**«ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ
ТӘСІЛДЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ»
республикалық онлайн семинар
ЖИНАҒЫ**



Астана, 2026

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға
арналған тұжырымдамасының» аясында шығарылды

Құрастырушылар: Л. Есбосын, А.Қожахмет, Ж.Бахытбекқызы

Республикалық онлайн семинар жинағы // Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2026. – 269 б.

Республикалық онлайн семинар жинағында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы лингводидактикалық тәсілдердің жаңа бағыттары, тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері және тілдік материалды еркін коммуникацияға бағыттаудың тиімді жолдары ұсынылған. Тіл үйренушіні сөйлетуге кедергі болатын психологиялық және әдістемелік факторлар, сөйлеу сенімділігін арттыру, тілдік орта қалыптастыру, сөйлесу клубы мен тілдік ойындарды қолдану, грамматиканы қатысымдық мақсатта меңгерту мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар жағдаяттық қазақ тілін оқыту, тіл мәдениетін сақтау, калькалық қолданыстардан арылу, септік жалғауларын нормаға сай қолдану және оқу-әдістемелік құрал әзірлеу техникасына қатысты теориялық әрі практикалық материалдар қамтылған.

Жинақ орта және жоғары білім беру ұйымдарының оқытушыларына, тілдерді оқыту орталықтарының әдіскерлеріне, қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрететін мамандарға, оқу-әдістемелік құрал әзірлеушілерге және лингводидактика саласындағы зерттеушілерге арналған.

© Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық
орталығы, 2026

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезеңде қазақ тілін оқыту мен меңгерудің мазмұны жаңа әдістемелік, әлеуметтік және коммуникативтік талаптар аясында қайта қарастырылуда. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қолданыс аясын кеңейту, оны күнделікті қарым-қатынастың табиғи құралына айналдыру, тіл үйренушінің тілдік білімін нақты сөйлеу әрекетіне ұластыру – бүгінгі лингводидактиканың өзекті міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, «Тіл үйретудегі лингводидактикалық тәсілдердің трансформациясы» тақырыбындағы республикалық онлайн семинар материалдары қазақ тілін оқыту тәжірибесіндегі жаңа ізденістерді, әдістемелік бағыттарды және практикалық шешімдерді жүйелеуге арналған маңызды ғылыми-әдістемелік еңбек ретінде ұсынылады.

Жинақтың негізгі идеялық өзегі – тілді оқыту үдерісін ереже мен жаттығу шеңберінен шығарып, оны шынайы коммуникациямен, тілдік ортамен, мәдени контекспен және тұлғалық тәжірибемен байланыстыру. Авторлар қазақ тілін үйретуде дәстүрлі грамматикалық түсіндірудің өз орнын жоққа шығармайды, алайда оны қатысымдық мақсатқа бағындыру қажеттігін алға тартады. Демек, грамматика оқшау теориялық білім ретінде емес, тіл үйренушінің ойын нақты, дұрыс әрі еркін жеткізуіне қызмет ететін функционалды құрал ретінде қарастырылады.

Жинақтың бірінші бөлімінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселесі кешенді түрде талданады. Тіл үйренушінің грамматиканы біле тұра сөйлей алмауы, ауызша коммуникация кезінде тосылып қалуы, тілдік қорқыныш пен сенімсіздікке ұшырауы – қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту тәжірибесінде жиі кездесетін құбылыстар. Осы мәселе авторлар тарапынан тек әдістемелік емес, психологиялық және әлеуметтік факторлармен сабақтастырыла қарастырылады.

Екінші бөлімде қазақ тілін меңгерудің теориялық және мәдени-әдістемелік негіздері қарастырылады. Жағдаяттық оқыту, тіл мәдениеті, калькасыз сөйлеу және оқу-әдістемелік құрал әзірлеу мәселелері бұл бөлімнің мазмұндық арқауын құрайды. «Жағдаяттық қазақ тілі» бағыты тіл үйренуді нақты өмірлік жағдайлармен, әлеуметтік рөлдермен және ұлттық мәдени контекспен байланыстырады. Калькасыз қазақ тілі мәселесіне арналған материалдар жинақтың ғылыми-тәжірибелік маңызын арттыра түседі.

Жинақтың қорытынды мазмұндық желісі оқу-әдістемелік құрал әзірлеу техникасымен толықтырылады. Сапалы оқу құралы тек ақпарат жиынтығы емес, білім алушының танымдық әрекетін, тілдік тәжірибесін және өзіндік жұмысын жүйелі ұйымдастыратын дидактикалық өнім ретінде қарастырылады. Мұнда мақсат қою, аудиторияны анықтау, күтілетін нәтижені белгілеу, құрылым жасау, тақырып пен сөздік қорды іріктеу, тапсырмалар жүйесін құрастыру, мәтін дайындау және бағалау өлшемдерін айқындау мәселелері әдістемелік тұрғыдан сараланады. Бұл бағыт жинақтағы теориялық және практикалық материалдарды біртұтас педагогикалық жүйеге біріктіреді.

**I СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТІЛДІК
МАТЕРИАЛДАН ЕРКІН КОММУНИКАЦИЯҒА ДЕЙІН**

ТІЛ ҮЙРЕНУШІНІ СӨЙЛЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Дәдібасқызы Ердігүл

«QazaqshaLike» әлеуметтік парақшасының авторы, тіл үйретуші әдіскер, ф.ғ.м.

- Кіріспе: тіл үйренуші неге сөйлемейді?
- Сөйлеудің лингводидактикалық және психологиялық себептері.
- Сөйлеу сенімділігін арттырудың негізгі жолдары.
- Ойлау, болжау және тілдік орта қалыптастыру.
- Сөйлесу клубы мен тілдік ойындардың рөлі.
- Практикалық жұмыс үлгілері.
- Қорытынды.

Мақсаты

Тіл үйренушінің ауызша сөйлеуге шығуына кедергі болатын факторларды анықтап, сөйлеу сенімділігін арттыруға, жасанды тілдік орта құруға және тілдік ойындар арқылы табиғи коммуникация ұйымдастыруға арналған тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну.

Міндеттері

- тіл үйренушінің грамматиканы білгенімен, сөйлеу себептерін талдау;
- сөйлеу дағдысын дамытуда психологиялық қауіпсіздіктің маңызын көрсету;
- мұғалімнің сабақтағы сөйлеу үлесін азайтып, тіл үйренушінің белсенділігін арттыру жолдарын ұсыну;
- тірек сөйлем, жұптық жұмыс, ойын, сөйлесу клубы сияқты әдістердің тиімділігін түсіндіру;
- семинар қатысушыларына сабақта бірден қолдануға болатын практикалық тапсырмалар үлгісін беру.

Республикалық онлайн семинарда өзге тілді азаматтарға қазақ тілін үйрету тәжірибемнен туындаған маңызды мәселе туралы ой бөліспекпін. Ол мәселе – тіл үйренушіні сөйлету. Қазақ тілін үйрету саласында жүрген әр мұғалімге таныс жағдай бар: оқушы грамматиканы біледі, сөйлем құрылымын түсінеді, мәтінді оқи алады, тест тапсырмаларын орындайды, бірақ ауызша сөйлесуге келгенде қиналады. Кейде тіпті бірнеше жыл тіл үйренген адамның қарапайым диалог құруда тосылып қалатынын көреміз.

Негізгі ұстанымым – тілді оқыту ғана емес, тілді үйрету. Яғни оқушыға ережені түсіндіріп қою жеткіліксіз; ол ережені өмірлік жағдаятта қолдануға үйренуі керек. Тіл – тек білім емес, қарым-қатынас құралы. Сондықтан бүгінгі баяндаманың өзегі де осы: тіл үйренушіні қалай сөйлетеміз, оның сөйлеуге деген сенімін қалай арттырамыз, тілдік орта жоқ кезде оны қалай жасаймыз?

Тілді білу ≠ тілді қолдана алу

Тіл үйренушінің сөйлеуі әрқашан оның қабілетсіздігін немесе жалқаулығын білдірмейді. Көп жағдайда ол – жеткілікті сөйлеу практикасының болмауы, қателесуден қорқу, грамматикаға шамадан тыс тәуелділік, еркіндіктің жетіспеуі және тілдік ортаның жоқтығы сияқты бірнеше фактордың нәтижесі.

Демек, мұғалім ретінде біздің міндетіміз – осы кедергілерді көре білу және оларды азайтатын әдістемелік шешім ұсыну.

1. Тіл үйренуші неге сөйлемейді?

Тіл үйрену үдерісінде екі түрлі дағды бар: тану және өндіру. Тану – тілдік бірлікті көру, есту, түсіну, яғни сөзді немесе грамматикалық құрылымды ажырату. Ал өндіру – сол тілдік бірлікті өз ойыңды жеткізу үшін дәл сол сәтте қолдану. Бұл екеуі бірдей емес. Оқушы сөзді көргенде тануы мүмкін, бірақ сол сөзді әңгіме барысында бірден есіне түсіріп, дұрыс сөйлемге айналдыруы қиын болуы мүмкін.

Сондықтан тілді білу ауызша сөйлеу дағдысының автоматты түрде қалыптасқанын білдірмейді. Сөйлеу – жеке жаттықтыруды қажет ететін дағды. Егер тіл үйренуші сабақта көбіне тыңдап, жазып, тест орындап қана отырса, оның сөйлеу бұлшықеті дамымайды. Қарапайым айтқанда, сөйлемесе – сөйлеу дамымайды.

1.1. Сөйлеу практикасының аздығы

Көп тіл үйренуші аптасына екі-үш рет сабаққа қатысады. Бірақ сол сабақта оның нақты қанша минут сөйлейтініне мән бермейміз. Мұғалім тақырып түсіндіреді, мысал айтады, қатені түзетеді, тапсырма береді. Ал оқушының ауызша сөйлеуге бөлінген уақыты өте аз болуы мүмкін. Сабақта мұғалім көп сөйлесе, оқушының сөйлеу мүмкіндігі азаяды. Бұл – тіл үйретудегі ең жиі кездесетін мәселе.

Сабақтағы негізгі өлшемдердің бірі – мұғалімнің емес, тіл үйренушінің сөйлеу уақыты болуы керек. Мысалы, 60 минуттық сабақта оқушы бар болғаны 5-10 минут сөйлесе, біз оны толыққанды сөйлеу практикасы деп атай алмаймыз. Сөйлеу дағдысы тұрақты, қайталанатын, мағыналы тілдік әрекет арқылы ғана қалыптасады.

1.2. Тілдік қорқыныш және психологиялық кедергі

Тіл үйренушінің сөйлемеуіне әсер ететін ең үлкен факторлардың бірі – тілдік қорқыныш. Адам жаңа тілде сөйлеген кезде қателесемін, күлкіге қаламын, басқалар мені дұрыс бағаламайды деп ойлауы мүмкін. Осындай ішкі уайым сөйлеу әрекетін тежейді. Кейде тіл үйренуші бәрін түсініп отырса да, жауап беруге батылы жетпейді.

Бұл құбылыс тіл үйренушілер арасында өте жиі кездеседі. Мен өз тәжірибемде де мұндай жағдайды талай көрдім. Тіпті мұғалімнің өзі де басқа тілді үйренгенде дәл осындай кедергіні сезінуі мүмкін. Мысалы, адам грамматиканы жақсы біледі, мәтін жаза алады, тыңдап түсінеді, бірақ ауызша сөйлеу кезінде қысылып, сөйлемей қалады. Демек, тіл үйрету тек лингвистикалық үдеріс емес, ол психологиямен тікелей байланысты күрделі құбылыс.

Стивен Крашеннің аффективті сүзгі гипотезасы осы ойды түсіндіреді: қорқыныш, ұялу, стресс күшейген кезде адамның тілдік ақпаратты қабылдауы да, оны қолдануы да қиындайды. Оқушы сөйлемей отырса, бұл оның білмегенінен ғана емес, ішкі психологиялық сүзгісінің жабық болуынан да болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім кейде тек түсіндіруші емес, қолдаушы, сенімділік беруші, қауіпсіз орта қалыптастырушы тұлға болуы қажет.

1.3. Грамматикаға шамадан тыс көңіл бөлу

Көп оқу жүйесінде грамматика, тест және жазба жұмыс бірінші орынға шығып кетеді. Әрине, грамматика керек. Бірақ грамматиканы сөйлеуден бөлек, жеке мақсатқа айналдырып жіберсек, оқушы ережені біледі, алайда сөйлей алмайды. Ол сөйлемей тұрып өзін түзетуге тырысады, әр сөздің жалғауын ойлайды, қатеден қашады. Нәтижесінде ауызша коммуникация баяулайды немесе мүлде тоқтайды.

Коммуникативтік тіл үйрету ұстанымы бойынша тіл ең алдымен қарым-қатынас құралы ретінде меңгерілуі керек. Яғни оқушы дұрыс сөйлеуді ғана емес, ойын жеткізуді, сұрақ қоюды, жауап беруді, пікір білдіруді, келісуді, келіспеуді, түсіндіруді үйренуі тиіс. Грамматика осы коммуникацияға қызмет еткенде ғана шынайы нәтиже береді.

1.4. Еркіндіктің болмауы

Сабақ тек оқулықтағы тақырыппен, алдын ала белгіленген жаттығумен және мұғалімнің толық бақылауымен өтсе, оқушы өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік алмайды. Ал сөйлеу дағдысы еркіндік болған жерде жақсы дамиды. Тіл үйренуші өзі таңдап, өзі қателесіп, өзі түзетіп, өз ойын жеткізуге тырысқанда ғана сөйлей бастайды.

Өз тәжірибемде еркін тақырыптардың әсерін айқын байқадым. Оқулықтағы тапсырмадан бөлек, студенттермен еркін әңгіме құруға мүмкіндік бергенде олардың белсенділігі артты. Біз мұндай сабақтарды қалжындап «өсек сабақ» деп атаймыз. Себебі бұл жерде мақсат – қатесіз сөйлеу емес, ойды қазақша жеткізу. Осындай еркіндік студенттің ішкі тосқауылын азайтып, «өсіліп сөйлеуіне» жағдай жасайды.

1.5. Тілдік орта мен қажеттіліктің болмауы

Тіл үйренуші сабақтан тыс жерде қазақша сөйлеспесе, шынайы коммуникацияға түспесе, алған білімі пассив күйінде қалады. Қазақ тілін үйренушілер үшін бұл – ең өзекті мәселелердің бірі. Сабақта үйренген сөз бен құрылым күнделікті өмірде қолданылмаса, ол автоматты дағдыға айналмайды.

Әрине, қоғамдағы тілдік сұраныс пен орта мәселесіне мұғалім толық ықпал ете алмайды. Бірақ мұғалім сабақ ішінде және сабақтан тыс форматта жасанды тілдік орта құра алады. Сөйлесу клубы, жұптық тапсырма, рөлдік ойын, пікірталас, шағын әңгіме, аудио алмасу сияқты әрекеттер осы олқылықтың орнын толтыруға көмектеседі.

2. Сөйлеу сенімділігін арттырудың негізгі жолдары

Сөйлеу сенімділігі «көбірек сөйлетеміз» деген қарапайым ұранмен қалыптаспайды. Егер орта қауіпсіз болмаса, тапсырма тым күрделі болса, мұғалім әр қатені бірден түзетсе, тіл үйренуші үндемей қалуы мүмкін. Сондықтан сөйлеу сенімділігін арттырудың үш тірегі бар: психологиялық қауіпсіздік, дұрыс құрылған тапсырма және жүйелі тәжірибе.

Сенімділік сөйлеуден кейін келеді, алдында емес.

2.1. Қауіпсіз тілдік орта құру

Сабақ басында тіл үйренушіге қате жасау қалыпты құбылыс екенін анық айту керек. «Бұл жерде қате жасауға болады», «Біздің мақсатымыз – сөйлеп үйрену»,

«Қате – даму белгісі» деген ұстанымдар сабақ мәдениетіне айналуы тиіс. Мұғалімнің бет-әлпеті, дауыс ырғағы, реакциясы да оқушының батылдығына әсер етеді.

Speaking кезінде қатені бірден тоқтатып түзету көп жағдайда тиімсіз. Әсіресе ұяң студенттер үшін бұл қорқынышты күшейтеді. Дұрысы – студент ойын толық айтып болған соң, негізгі қателерді жұмсақ түрде талдау. Мысалы, «Ойыңыз түсінікті болды, енді осы сөйлемді тағы қалай айтуға болатынын көрейік» деген формат сенімділікті сақтайды.

2.2. «Кіші қадамдар» принципі

Тіл үйренушіден бірден ұзақ монолог талап ету дұрыс емес. Сенімділік жеңілден күрделіге қарай дамиды: алдымен бір сөз, кейін бір сөйлем, одан соң екі-үш сөйлем, соңында қысқа әңгіме. Мысалы, «Қай қала?» деген сұрақтан «Мен ... қаласынанмын», одан әрі «Мен ... қаласынанмын, ол ... қала» деген үлгіге көшуге болады. Осылайша ми «мен айта аламын» деген сигнал алады.

2.3. Дайын тірек сөйлемдер беру

Тіл үйренуші бос кеңістікке емес, тірекке сүйенгенде батылырақ сөйлейді. Сондықтан өмірлік жағдаяттарға арналған дайын сөйлемдер мен диалог үлгілерін беру өте тиімді. Мысалы, жанармай бекетінде: «Үшінші колонка, 92, бакты толтырып құйыңызшы». Базарда: «Маған екі келі алма беріңізші». Мұндай тірек сөйлемдер студентке нақты жағдайда не айту керегін алдын ала болжауға көмектеседі.

Тірек сөйлемдер жаттанды жауап үшін емес, алғашқы сенімділік үшін беріледі. Кейін студент осы үлгіні өзгертіп, толықтырып, өз сөзіне айналдырады. Бұл әдіс әсіресе А2-В1 деңгейіндегі тіл үйренушілерге пайдалы.

2.4. Жауап беруге уақыт қалдыру

Кей мұғалім сұрақ қойғаннан кейін бірден жауап күтеді. Бірақ екінші тілде сөйлеу үшін адамға ойлануға уақыт қажет. Сұрақ қойып, 10-15 секунд күту немесе алдымен қысқаша жаздырып алу ұяң студенттерге көмектеседі. Мұғалімнің үнсіз күте білуі де – әдістемелік мәдениет.

2.5. Жұптық және шағын топтық жұмыс

Үлкен топ алдында сөйлеу көп адамға стресс туғызады. Ал жұпта немесе шағын топта тіл үйренуші өзін еркін сезінеді, жиі сөйлейді, қысым азаяды. Онлайн сабақта breakout room құралдарын тиімді қолдануға болады. Жұптық жұмыста студент тек мұғалімге емес, басқа қатысушыға да жауап береді; бұл шынайы коммуникацияға жақын жағдай қалыптастырады.

2.6. Ойын арқылы қорқынышты азайту

Ойын кезінде студент «мен сөйлеп жатырмын» деп емес, «мен тапсырманы орындап жатырмын» деп ойлайды. Фокус тілден ойынға ауысқанда стресс азаяды. Рөлдік ойын, «Жалған/шын», «Сөзді жалғастыр», «Бункер», «Детектив» сияқты тапсырмалар оқушыны табиғи түрде сөйлеуге итермелейді. Ойынның басты құндылығы – ол қателесуге рұқсат беретін жеңіл атмосфера тудырады.

2.7. Мұғалімнің қолдаушы реакциясы

Сенімділікті күшейтегін де, әлсірететін де – мұғалімнің реакциясы. «Жоқ, дұрыс емес» деп бірден тоқтату, жақтырмаған бет-әлпет көрсету, қателікті қатты сынау оқушыны тұйықтап тастайды. Оның орнына «Түсінікті», «Жақсы айтып

жатырсыз», «Тағы қалай айтуға болады?», «Ойыңыз дұрыс, енді сөйлемді бірге нақтылайық» деген қолдау сөздері қажет.

Мен өз тәжірибемде мұғалімнің дос, тыңдаушы, әңгімелесуші рөліне енуі өте маңызды екенін байқадым. Студент мұғалімнің өз жетістігіне шынайы қуанатынын сезсе, сабақтан тыс уақытта да сөйлесуге талпынады. Ол өз прогресін көрсеткісі келеді. Бұл – ішкі мотивацияның күшеюі.

2.8. Қысқа, бірақ тұрақты speaking

Аптасына бір рет ұзақ speaking өткізгеннен гөрі, әр сабақта 3-5 минут міндетті сөйлеу ұйымдастыру тиімді. Сабақ басында ауа райы, күн жаңалығы, демалыс жоспары, көңіл күй, соңғы оқиға туралы шағын әңгіме құруға болады. Бұл әрекет дағдыға айналғанда, студент әр сабаққа айтар ойын дайындап келеді. Тұрақты қайталанған шағын сөйлеу сенімділікті біртіндеп қалыптастырады.

3. Ойлау және болжау: сөйлеуге дайындық

Сөйлеу – тек сөздерді айту емес. Ол бір уақытта ойлану, жағдайды болжау, қажетті сөзді таңдау, сөйлем құрау және реакция білдіру әрекеттерінен тұрады. Сондықтан тіл үйренушіні сөйлету үшін оның ойлау және болжау қабілетін де дамыту керек. Студент нақты өмірде қандай жағдайға түсетінін, сол кезде қандай сөз орамдары қажет болатынын алдын ала елестете алса, сөйлеуге дайындығы артады.

Мысалы, дүкенде, дәріханада, жанармай бекетінде, жұмыста, дәрігер қабылдауында, әуежайда қолданылатын сөйлемдерді алдын ала модельдеу – өте тиімді тәсіл. Мұндай сценарийлік жаттығулар студентке дайын тілдік тірек береді әрі шынайы өмірге жақын тәжірибе қалыптастырады. «Не сұрауы мүмкін?», «Қалай жауап беремін?», «Түсінбесем не деймін?», «Қосымша қалай нақтылаймын?» деген сұрақтар сөйлеуге дайындықты күшейтеді.

Ойлау мен болжауды дамыту үшін сабақта мынадай тәсілдер қолдануға болады:

- сөйлеу алдында 3-5 тірек сөз беру;
- жауаптың алғашқы сөйлемін бірге құрастыру;
- жағдаятқа сай дайын фразалар ұсыну;
- «егер ... болса, не айтасыз?» форматындағы болжам сұрақтарын қою;
- сұрақты жабық емес, ашық түрде қою;
- студентке жауап беру алдында ойлануға уақыт қалдыру.

Осы тәсілдер арқылы студент сөйлеуді кездейсоқ әрекет емес, алдын ала құрылымдалған, қолынан келетін әрекет ретінде қабылдай бастайды.

4. Тілдік орта және сөйлесу клубының рөлі

Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің ең үлкен мәселелерінің бірі – тілдік ортаның болмауы. Бірақ тілдік орта жоқ деп тоқтап қалуға болмайды. Оны сабақ ішінде және сабақтан тыс форматта қолдан жасауға болады. Соның ең тиімді жолдарының бірі – сөйлесу клубы.

Сөйлесу клубы – шынайы тілдік ортаның моделі. Ол бағалаусыз, еркін, қауіпсіз коммуникациялық кеңістік болуы керек. Мұнда қатысушылар грамматикалық тапсырма орындау үшін емес, бір-бірімен сөйлесу үшін жиналады. Клубтың мақсаты – мінсіз сөйлем құрату емес, қазақша ой жеткізуге мүмкіндік беру.

Мен сөйлесу клубының тиімділігіне өз тәжірибемде көз жеткіздім. Ағылшын тілі мектебінде жұмыс істеген кезде ересектерге және балаларға арналған сөйлесу клубтарын ұйымдастырдым. Сабақта тыныш отыратын, белсенділігі төмен көрінетін оқушылар клубта ашылып, еркін сөйлей бастады. Кейін осы тәжірибені қазақ тілі сабақтарына да қолдандым. Екі аптада бір рет өтетін клуб отырыстарына әртүрлі жастағы адамдар жиналып, тілдік практика ғана емес, психологиялық қолдау ортасын да тапты.

Сөйлесу клубында тілдік ортаны мұғалім жалғыз өзі жасамайды. Оны қатысушылардың өзі қалыптастырады. Олар бір-бірінің қателесу қорқынышын түсінеді, қолдайды, кемсітпейді, ортақ мақсатқа бірге ұмтылады. Осындай ортада тіл үйренушінің сөйлеу батылдығы артады.

Тілді үйрену үшін кейде оқыту емес, сөйлесуге мүмкіндік беру жеткілікті.

5. Тілдік ойындар – сөйлетудің тиімді құралы

Тілдік ойындар – сөйлесу клубында да, сабақ барысында да қолдануға болатын өте тиімді құрал. Ойын оқу үдерісін жеңілдетеді, қатысушылардың назарын жаңартады, эмоционалды қысымды азайтады және табиғи коммуникация туғызады. Ересек адамдар да ойын арқылы жақсы сөйлейді, себебі ойын атмосферасы ресми бағалаудан босатады.

Ойынның психологиялық әсері айқын: адам босаңсиды, қателесуден қорқу азаяды, өз ойын айтуға талпынады. Аффективті сүзгі төмендеген сайын сөйлеу жеңілдейді. Өзін-өзі анықтау теориясы тұрғысынан алғанда, ойын адамға еркіндік, қызығушылық және белсенді қатысу мүмкіндігін береді. Коммуникативтік тіл үйрету тұрғысынан қарасақ, ойын – жасанды жаттығу емес, табиғи қарым-қатынасқа жақын әрекет.

Өз тәжірибемде «Бункер» және «Детектив» ойындары негізінде құрылған сабақтардың әсері жоғары болды. Мысалы, «Бункер» ойынында әр қатысушы өзін қорғап, неге тірі қалуға лайық екенін дәлелдеуі керек. Мұндай тапсырма тіл үйренушіні пікір айтуға, дәлелдеуге, өз ойын жүйелеуге мәжбүрлейді. Ал «Детектив» ойынында оқушылар дерек жинап, сұрақ қойып, күдіктіні анықтайды. Мұнда да басты әрекет – сөйлесу.

Осы тәжірибелер негізінде «Қазақша сөйлетуге арналған тілдік ойындар» жинағы әзірленді. Жинақтағы ойындарды А2 деңгейінен бастап қолдануға болады. Олар сабақтың басында сергіту ретінде, ортасында негізгі speaking тапсырмасы ретінде немесе соңында қорытындылау құралы ретінде пайдалануға ыңғайлы. Ең бастысы – ойын студентті сөйлетуге, өз ойын қазақша жеткізуге бағытталуы тиіс.

6. Мұғалімнің сабақтағы рөлі: түсіндірушіден сөйлетушіге

Тіл үйретуші мұғалімнің басты міндеті – көп сөйлеу емес, оқушыны сөйлету. Бұл жерде мұғалімнің сұрақ қою шеберлігі ерекше маңызды. Егер мұғалім жабық сұрақ қойса, оқушы «иә», «жоқ», «ұнады», «келдім» деп қысқа жауап береді. Ал ашық сұрақ оқушыны кеңірек сөйлеуге жетелейді.

Мысалы, «Сізге фильм ұнады ма?» деген сұрақтың орнына «Фильмнің қай тұсы сізге әсер етті? Неліктен?» деп сұрауға болады. «Қалаға қашан келдіңіз?» дегеннің орнына «Қалаға келген кездегі алғашқы әсеріңіз қандай болды?» деуге болады. «Жұмысқа аптасына неше күн барасыз?» дегеннің орнына «Бір жұмыс күніңіз қалай өтеді?» деп сұрау студенттің сөйлеуін ұзартады.

Демек, мұғалімнің сапалы сұрағы – студенттің сөйлеу мүмкіндігі. Сабақта мұғалім аз сөйлеп, дұрыс бағыт берсе, оқушының ауызша белсенділігі артады. Түсіндіретін мұғалімнен сөйлететін мұғалімге ауысу – қазіргі тіл үйретудің маңызды талабы.

7. Практикалық бөлімге арналған жұмыс үлгілері

Бұл баяндама теориялық түсіндірумен ғана шектелмей, мұғалімдердің өз тәжірибесін қайта қарауына және сабақта бірден қолдануға болатын тапсырмалар құрастыруына бағытталады. Төмендегі практикалық жұмыстар семинар барысында қатысушылармен орындатуға ыңғайлы.

7.1. «Сенімділік қалай пайда болады?» жаттығуы

Қатысушылардың бірі В1 деңгейіндегі студент рөліне енеді. Оған «Өзіңіз туралы айтып беріңіз» деген тапсырма беріледі. Бірінші жағдайда мұғалім оның сөзін бөледі, қателерін бірден түзетеді, жақтырмаған реакция көрсетеді. Екінші жағдайда басқа қатысушы дәл осы тапсырманы орындайды, бірақ мұғалім оны қолдап, мақтап, ойын толық айтуына мүмкіндік береді.

Талдау сұрақтары: бірінші қатысушыға сөйлеу қиын болды ма? Неге? Екінші қатысушыға сөйлеу жеңіл болды ма? Неге? Бұл жаттығудың нәтижесі айқын: студент те дәл осындай күйді сезінеді. Сөйлеуге қауіпсіз мүмкіндік берілсе, ол ашылады; қысым күшейсе, тұйықталады.

7.2. «Түсіндіретін мұғалім және сөйлететін мұғалім» жаттығуы

Қатысушылар арасынан екі мұғалім және бір «студент» таңдалады. Тақырып – «Менің күнім», деңгей – А2, грамматикалық нысан – ауыспалы осы шақ. Бірінші мұғалім тақырыпты өзі көп сөйлеп түсіндіреді, мысалдарды өзі айтады, студентке аз мүмкіндік береді. Екінші мұғалім сұрақ қойып, студенттің көп сөйлеуіне жағдай жасайды.

Жаттығу соңында студент рөліндегі қатысушыдан қай мұғалімнің көп сөйлеуге мүмкіндік бергені сұралады. Нәтиже: егер сабақта мұғалім көп сөйлесе, студент үндемейді; егер мұғалім дұрыс сұрақ қойса, студент сөйлейді.

7.3. Жабық сұрақты ашық сұраққа айналдыру

Студентті сөйлетудің қарапайым, бірақ тиімді тәсілі – ашық сұрақ қою.

Мысалы:

Жабық сұрақ	Ашық сұрақ
Сізге фильм ұнады ма?	Фильмнің қай тұсы ұнады немесе ұнамады? Неліктен?
Қалаға қашан келдіңіз?	Қалаға келген кездегі алғашқы әсеріңіз қандай болды? Бұл қалада сізге не қызық көрінді?
Жұмысқа аптасына неше күн барасыз?	Бір жұмыс күнінің қалай өтеді? Жұмысыңызда сізге не ұнайды?

7.4. Тілдік ойын элементі қосылған сабақ жоспары

Мұғалімдерді бірнеше топқа бөліп, әр топқа қарапайым сабақ тақырыбын беруге болады. Әр топтың міндеті – грамматикалық мақсатты сақтай отырып, сабақты студентті сөйлетуге бағытталған ойын элементімен толықтыру.

№	Тақырып	Грамматика	Сөйлетуге бағытталған тапсырма
1	Менің күнім	Ауыспалы осы шақ	«Бір күндік маршрут» ойыны: қатысушы күн тәртібін айтып, жұбына сұрақ қояды.
2	Менің отбасым	Тәуелдік жалғауы	«Отбасылық альбом»: әркім отбасы мүшесін таныстырып, 3 сұраққа жауап береді.
3	Демалыс	Жедел өткен шақ	«Демалыс жаңалығы»: кеше/демалыста не істегенін қысқа әңгімелейді.
4	Менің жұмысым / мамандығым	Керек / тиіс	«Мамандық кеңесі»: маман ретінде 3 кеңес айтады.
5	Менің қалам	Бар / жоқ құрылымы	«Қала бойынша экскурсия»: қалада не бар, не жоқ екенін түсіндіреді.
6	Дүкенде / азық-түлік	Сан есім	«Сауда диалогі»: сатып алушы мен сатушы рөлінде сөйлеседі.
7	Хобби	Ұнатамын / жақсы көремін / жек көремін	«Хобби клубы»: ұқсас қызығушылығы бар адамды табады.
8	Ауа райы	Келер шақ	«Ертеңгі жоспар»: ауа райына қарай жоспар құрады.
9	Саяхат	Мақсатты келер шақ	«Сапар жоспары»: қайда бармақ, не істемек екенін айтады.
10	Денсаулық	Бұйрық рай	«Дәрігер кеңесі»: бір қатысушы шағым айтады, екіншісі кеңес береді.

7.5. Қорытынды тілдік ойын

Семинар соңында «Өкінішке қарай, қуанышқа орай» ойынын қолдануға болады. Бір қатысушы сөйлемді «Өкінішке қарай...» деп бастайды, келесі қатысушы оны «Қуанышқа орай...» деп жалғастырады. Мысалы: «Өкінішке қарай, біздің онлайн семинарымыз өз мәресіне жақындады. Қуанышқа орай, біз бұл семинардан өзімізге көп пайдалы мәлімет алдық». Бұл ойын қорытынды рефлексияны жеңіл әрі көңілді форматта өткізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, тіл үйренушінің сөйлеуі – бір ғана себептің нәтижесі емес. Оған сөйлеу практикасының аздығы, тілдік қорқыныш, грамматикаға шамадан тыс мән беру, еркіндіктің жетіспеуі және тілдік ортаның болмауы әсер етеді. Сондықтан тіл үйретуші мұғалім сабақта тек білім беруші емес, сөйлеуге мүмкіндік жасаушы, қолдаушы, бағыттаушы болуы керек.

Тіл үйренушіні сөйлету үшін қауіпсіз орта қалыптастыру, қателесуге рұқсат беру, кіші қадамдармен алға жылжу, тірек сөйлемдер ұсыну, жауапқа уақыт қалдыру, жұптық жұмыс ұйымдастыру, қысқа әрі тұрақты speaking жүргізу, сөйлесу клубы мен тілдік ойындарды қолдану маңызды. Бұл әдістер оқушының сөйлеу сенімділігін арттырып, тілдік білімді шынайы коммуникацияға айналдырады.

Ең бастысы, біз оқушыны мінсіз сөйлеуге емес, сөйлей бастауға жетелеуіміз керек. Өйткені еркін сөйлеу – қателеспей арқылы емес, қателесе жүріп сөйлеу арқылы қалыптасады. Мұғалімнің қолдауы, дұрыс сұрағы және қауіпсіз ортасы тіл үйренушінің «мен сөйлей аламын» деген сенімін оятады.

Тілді үйретудің ең тиімді жолы – тіл үйренушіге сол тілде сөйлеуге мүмкіндік беру.



Тіл үйренушіні
сөйлетудің
тиімді жолдары



Өзім туралы:



+ qazaqshalike

Новый день — но...

TiLDi
QAZAQSHALIKE

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ОНЛАЙН 🇰🇿

523 публикации	239 тыс. подписчики	9 подписки
----------------	---------------------	------------

Образование
🍀 Есімім - ЕРДІГҮЛ, қазақ тілі мұғалімімін 🌸
Серіктестікке ашықпын 🤝
🔗 t.me/qazaqshalike и ещё 1



Қазақ тілін
әлеуметтік желіде

насихаттау

Қазақ тілін үйрету


Қазақ тілі туралы
контент жариялау

Бейнесабақтар

түсіру

@qazaqshalike

Қосымша еңбектерім:



Өздігінен тіл үйренуге арналған күнделік




Өзім жинақтаған ертегілер жинағы



Отбасында бала тілін қазақшалауға арналған 2 сериялы жинақ. Ағылшын тілінде де шықты



Балаларға арналған бейнесабақтар жинағы




- Ағылшын тілінен аударылған тілдік ойындар жинақталған
- Деңгейлерге бөлінген
- 40 беттен тұрады

Белсенді қатысқан
оқытушыларға тегін таратамын

Тіл үйренуші неге сөйлемейді? ...

*Талапты - тас жарар,
Талапсыз - бас жарар.*

Тіл үйренуде
ниет, талап, тәртіп, еңбек
маңызды.



Тіл үйренуші неге сөйлемейді? ...

Егер тіл үйренушінің шын қалауы, ықыласы болмаса, **мұғалім кінәлі емес!**



**Қалауын тапса -
қар жанар**

Ал ниеттеніп келген оқушының
мотивациясын сөндіріп,
жалықтырып алса, **мұғалімнің
жауапкершілігі**

Тіл үйренуші неге сөйлемейді?

СҰРАҚ:

- *Сіздің грамматиканы жақсы білетін, бірақ сөйлемейтін оқушыңыз бар ма?*
- *Бар болса, чатқа «+» қойыңыздар*



Тіл үйренуші неге сөйлемейді?



СҰРАҚ:

- *Өз тәжірибеңізде: оқушының сөйлемейуінің басты себебі не деп ойлайсыз?*
- *1 сөзбен чатқа жазыңыздар*

СҰРАҚ:

- *Өзіңіз шет тілін үйренгенде сөйлеу қиын болды ма?*
- *«Иә / Жоқ» деп жазыңыздар*



Ғылыми тұжырымдама

Recognition (тану)

Production (сөйлеу)

Тілді жақсы білу

≠

Тілді жақсы қолдану



Тіл үйренушінің сөйлемеуінің негізгі себептері (ғылыми тұрғыда)

1) Практиканың жетіспеуі

Тілді үйрену

≠

Сөйлеу практикасы



Менің тәжірибемде:

- Сабақ **тек қазақша** өтеді, (ережелер ғана орысша түсіндіріледі);
- Сабақтан тыс уақытта **тілдік практика** жасау міндеттеледі




Тіл үйренушінің сөйлемеуінің негізгі себептері (ғылыми тұрғыда)

СҰРАҚ:

- Сабағыңызда оқушы қанша пайыз сөйлейді деп ойлайсыз?
- 30% / 50% / 70% деп жазыңыздар

СҰРАҚ:

- Сабақта көп сөйлейтін кім: сіз бе, әлде оқушы ма?
- Мұғалім / Оқушы



2) Тілдік қорқыныш (language anxiety - языковая тревожность)

Ғылыми зерттеулер мынаны көрсетеді:

- тіл үйренушілер қателесуден қорқады
- басқалар қалай бағалайды деп уайымдайды
- сондықтан үндемей қалады



«Affective Filter Hypothesis» (аффективті сүзгі гипотезасы)

- Теория авторы - Стивен Крашен.
- Егер адамда қорқыныш, ұялу, стресс болса, тіл **«миға кірмейді»**
- Бұл эмоционалды факторлар миымызға сүзгі қояды.




«Affective Filter Hypothesis» (аффективті сүзгі гипотезасы)

СҰРАҚ:

«Дәл осы теорияда айтылған жағдай Сізге немесе оқушыңызға таныс па?»

«Иә/Жоқ» деп жазыңыздар






Менің тәжірибемде:

- Ұлты қазақ азаматтар үшін қазақша сөйлеу өте қиын;
- Шетелден келген азаматтарда мұндай «сүзгі» жоқ.

Бұл қорқынышты жеңу үшін оған сенімді орта керек, әзір оның сенімді адамы - Сізсіз.




3) Грамматикаға шамадан тыс көңіл бөлу

Көп оқу жүйесінде:

- грамматика
- тест
- жазба жұмыс

алдыңғы орында тұрады.


Ал сөйлеу - екінші орында немесе мүлде
назардан тыс қалады



4. «Communicative Language Teaching» (CLT) (Коммуникативтік тіл үйрету әдісі)

СҰРАҚ:

- «Грамматика сабағыңыздың қанша бөлігін алады?»
20/30/50/80 пайыз деп жазып кетіңіз
- «Қайсысы маңыздырақ деп ойлайсыз?»
Дұрыс сөйлеу/Еркін сөйлеу
- «Оқушы қате сөйлесе, сіз бірден түзетесіз бе?»
Иә / Кейде / Жоқ



Тіл – ереже емес,
қарым-қатынас
құралы.

Сұрақ:


- «Қателесетін, бірақ сөйлейтін оқушы жақсы ма, әлде қателеспейтін, бірақ үндемейтін оқушы жақсы ма?»



Менің тәжірибем:

Мінсіздікке ұмтылыс - нәтижеге тосқауыл. Көп адам қазақшам «мінсіз» болғанда ғана сөйлеймін деп жарты өмірін өткізіп алады.

Бала да алғаш сөйлегенде мың рет қателеседі.



Тіл – ереже емес,
қарым-қатынас
құралы.

4) Еркіндіктің болмауы

Бұл - 1981 жылы дәлелденген теория.
«Learner Autonomy» (оқу еркіндігі)
теориясы.

Еркіндік жоғары болған сайын тілдік дағдылар
(әсіресе сөйлеу) жақсы дамиды.



Менің тәжірибемде:

Сабақ оқушы үшін ең жайлы үдеріс болуы керек.

Ол өзін еркін, жайлы, қауіпсіз, көңілді сезінгенде көсіліп сөйлесе алады.

Оқушымен бір ай өсек айтсаңыз, ол қазақша майын тамызып «өсек айтуды» үйренеді))



5) Тілдік орта мен қажеттіліктің болмауы

Егер тіл үйренуші сабақтан тыс жерде

- тілдік практика жасамаса,
- шынайы коммуникация болмаса, тіл «пассив білім» күйінде қалады

Талап күшті болса,

бәрі қазақша сөйлеп кетер еді



СӨЙЛЕУ СЕНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



Сенімділікті арттырудың негізгі принциптері

- Қауіпсіз тілдік орта құру
- Кіші қадамдар принципі
- Дайын тірек сөйлемдер беру
- Ойын арқылы «қорқынышты басу»
- Мұғалімнің реакциясы, қолдауы
- Қысқа, бірақ тұрақты speaking
- Прогрессті сезіндіру



Сөйлеу сенімділігін арттыру

СҰРАҚ:

•Сіздің өз принципіңіз бар ма?

Бар болса, жаза кетіңіз.

•Студентті қалай шабыттандырасыз?

Чатқа қысқа ғана жаза кетіңіз.



Менің қағидам:

- Мен доспын
- Еркінмін
- Ашықпын
- Тыңдаушымын
- Сырласпын (кейде)
- Маған оның әр пікірі маңызды

«Ағылшын мұғалімі сұрамаса, мен өзімді осынша терең зерттемес едім» деген қалжың бар ғой)))



Мұғалімнің қолдауы

Мұғалім:

- сөйлеуге мүмкіндік береді
- қателерді жұмсақ түзетеді
- мотивация қалыптастырады

Мұғалім:

Әр қатені бірден түзету

Тек мықты оқушыларды сөйлету

Ұзақ, күрделі тапсырмалар беру

Бағалауды бірінші орынға қою



Ойлау және
болжау.
Тілдік орта және
сөйлесу клубының
рөлі





2. Тек орта жеткіліксіз: қарым-қатынас қажет

Michael Long ұсынған

«Қарым-қатынас гипотезасына» сәйкес, тіл тек тыңдау арқылы емес, қарым-қатынас барысында дамиды.





**3. Тілдік орта болмаса, не істеу керек?
Тілдік ортаны өзіміз жасаймыз.**

**Сөйлесу клубы –
жасанды тілдік орта**



Жасанды тілдік орта жасау

СҰРАҚ:

•Сөйлесу клубын өткізіп көрдіңіз бе?

Иә/Жоқ деп жазыңыз.

•Клуб отырысында сабақты қалай түрлендірдіңіз?

Чатқа қысқа ғана жаза кетіңіз.



Ойын технологиясы

Лингвистикалық ойындар -
өте тиімді құрал.

СҰРАҚ:

- Сабағыңызға ойын технологиясын қосасыз ба?
Иә/Жоқ деп жазыңыз.
- Ересек адамдармен ойнау қажет пе?
Қажет десеңіз, + басып кетіңіз.



Ойынның психологиялық әсері

Ғылыми тұрғыда ойын:

- стрессті төмендетеді
- қорқынышты азайтады
- табиғи коммуникация туғызады
- атмосфераны жеңілдетеді
- қателесуге рұқсат береді
- қысымды азайтады



«Тілді үйрену үшін кейде оқыту емес,
сөйлесуге мүмкіндік беру жеткілікті»

СҰРАҚ:

- «Ойын қосылғанда оқушылардың мінез-құлқы өзгере ме?»
- + қойыңыздар

Ересектер - жақсы ойыншылар



«Тілдік ойындар» жинағымен таныстыру



1. «Қорқыныш әлемі» (B1-B2)

1 – ТАНЫСУ:

Бүгінгі біздің тақырыбымыз - қорқыныш әлемі. Біздің танысқан кезде өзіміздің есімізді ғана емес, бойымыздағы қорқынышымызды да айтамыз.

«МЕНИҢ ҚОРҚЫНЫШЫМ...»

2 - ҚОРҚЫНЫШТЫ ОҚИҒА:

Студентке қорқынышты сурет беріледі, ол соған қарап өзі оқиға құрастырады.

Қараңғы бөлмеде бұл әрі қорқынышты әрі жақсы тілдік практика.



1. «БУНКЕР» ОЙЫНЫ

Сюжеті:

Әлемде ядролық бомба жарылды. Сіздер бункерде отырсыздар. Алайда ауа тапшы, тамақ аз. 2 адам ғана (ер мен әйел) қалуы тиіс. Бункерде қалуға лайық екеніңізді дәлелдеуіңіз керек.

Ереже:

Ойын барысы карталар алған сайын өзгеріп отырады.



1. «БУНКЕР» ойыны

Карталар:

- Мамандықтар
- Биология
- Денсаулығы
- Қосымша деректер
- Қорқыныш
- Хоббиі
- Жүгі



2. «Қылмыскер кім?» (B1-B2)

1 – ТАНЫСУ:

Студент өзінің атын, жасын, кім болып жұмыс істейтінін айтады. Екінші студент оны қайталайды және өзі туралы мәлімет айтады.

2 - ҚИСЫНДЫ ЖҰМБАҚТАР:

Мысалы: Бір қыз қаза тапты. Қылмыскер оның iPhone, AirPods, пианино и ақшасын алып кеткен. Қылмыскер ең бірінші нені алды? Жауабы: қыздың өмірін.



3. «Детектив» ойыны (B1-B2)

Сюжеті:

Мектеп түлектерінің кешінде бір мұғалім кісі қолынан қаза табады.

Күдікті – осы сабаққа қатысушылардың бәрі)) Олар, алдымен, детектив рөлінде бір–бірінен жауап алады, қылмыскерді анықтайды.



2. «Детектив» ойыны (B1-B2)

1-кейіпкер: Сіздің есіміңіз Дастан Әмірұлы; Сіз бұрынғы оқушы, яғни түлексіз.

Жәбірленуші туралы естеліктеріңіз: Ол өте қатал мұғалім еді. Ол көп тапсырма беретін. Сенің дарының (талантың) бар, бірақ сен қосымша жұмыстар істегің келмейді дейтін. Бірақ сіз қазір Айгүл Мұратқызына ризасыз, өйткені сіз жазушы болдыңыз, кітап жазып, оны Айгүл ханымға сыйладыңыз.

Жәбірленушіні соңғы рет қашан көрдіңіз: Соңғы рет сағат 19.00 кезінде көрдіңіз. Оған жаңа кітабыңыздың көшірмесін бердіңіз, ол риза болды.

Айғай естілген кезде: Сіз Маржан Сәбитқызымен, тағы бір бұрынғы оқушымен сөйлесіп тұрдыңыз.



ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Google form арқылы



Қорытынды:



+ qazaqshalike  

Новый день — но...

TiLDi
QAZAQSHALIKE 

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ОНЛАЙН 

523 публикации	239 тыс. подписчики	9 подписки
----------------	---------------------	------------

Образование
 Есімім - ЕРДІГҮЛ, қазақ тілі мұғалімімін 
Серіктестікке ашықпын 
 t.me/qazaqshalike и ещё 1

«Тілді үйрену үшін кейде оқыту емес, сөйлесуге мүмкіндік беру жеткілікті»

ТІЛДІК МАТЕРИАЛ: СӨЙЛЕУГЕ ҚАЛАЙ БАҒЫТТАЙМЫЗ?

Балабеков Айдар Қалайбердіұлы

Назарбаев университетінің оқытушысы, әдіскер

Қазіргі тіл үйрету үдерісінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру негізгі мақсаттардың бірі болып саналады. Әсіресе шетелдік азаматтарға қазақ тілін оқыту барысында айтылым әрекетін дамыту ерекше маңызға ие. Себебі тіл үйренуші ең алдымен күнделікті қарым-қатынасқа түсе алуы, өз ойын еркін жеткізуі, сұрақ қойып, жауап бере білуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда оқу-әдістемелік құралдардағы айтылым тапсырмаларының сапасы мен грамматикалық материалдардың әртараптылығы тіл меңгерудің нәтижесіне тікелей әсер етеді. Айтылым әрекеті тек сөздерді жаттап айту емес, ол – тілдік бірліктерді жағдаятқа сай қолданып, мағыналы қарым-қатынас орната білу. Сондықтан оқу құралдарындағы сөйлету тапсырмалары тіл үйренушінің жас ерекшелігіне, деңгейіне, тілдік ортасына және коммуникативтік қажеттілігіне сәйкес құрылуы тиіс.

Айтылым әрекетінің тіл үйретудегі орны

Айтылым – тілдік әрекеттің ең белсенді түрлерінің бірі. Ол тыңдалым, оқылым және жазылыммен өзара байланыста жүзеге асады. Шетелдік аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында айтылым әрекеті көбіне диалог, монолог, пікірталас, жағдаяттық тапсырмалар және рөлдік ойындар арқылы дамытылады. Оқу-әдістемелік құралдарда айтылым әрекеті бірнеше бағытта көрініс табады: сұрақ-жауап жұмыстары, дайын үлгі бойынша сөйлету, сурет арқылы әңгіме құрастыру, жағдаяттық диалогтар, пікір білдіру, проблемалық сұрақтарға жауап беру және жұптық-топтық сөйлесім тапсырмалары. Қазіргі әдістемеде коммуникативтік жағдаятқа негізделген сөйлету тапсырмаларын көбейту қажеттілігі туындайды. Өмірмен байланысты тапсырмалар тіл үйренушінің сөйлеуге деген сенімін арттырады және тілдік тосқауылды азайтады.

Тіл үйренушінің бойындағы сенімділікті арттыру жолдары

Тіл үйренушінің бойындағы сенімділікті арттыру — тіл үйретудегі ең маңызды міндеттердің бірі. Себебі адам өзін қауіпсіз әрі еркін сезінген кезде ғана сөйлей бастайды. Әсіресе шетелдік аудиторияда «қате айтып қоямын» деген қорқыныш өте жиі кездеседі. Сондықтан мұғалім тек тіл үйретуші емес, психологиялық қолдау көрсетуші тұлға да болуы керек.

1. Қателесуге еркін орта қалыптастыру

Көптеген студент сөйлемей қалады, себебі қателесуден қорқады. Мұғалім қателікті бірден тоқтатпай, алдымен ойын тыңдап, кейін жұмсақ түзету жасауы керек. Мұндай тәсіл студенттің өзіне деген сенімін сақтайды.

2. Қарапайымнан күрделіге көшу

Бірден ұзақ сөйлетудің орнына, шағын жауаптардан бастау қажет. Бұл әдіс тіл үйренушінің «мен сөйлей аламын» деген ішкі сенімін қалыптастырады.

3. Жұптық және топтық жұмыстар

Көпшілік алдында сөйлеуден гөрі, алдымен жұппен сөйлесу оңайырақ болады. Рөлдік ойындар, интервью және диалог құрастыру табиғи сөйлеуге көмектеседі.

4. Күнделікті өмірмен байланысты тапсырмалар

Студент өмірде қолданатын тілді тез меңгереді. Кафеде тапсырыс беру, такси шақыру немесе университетте жол сұрау сияқты жағдаяттар тілдің қажеттілігін сезіндіреді.

5. Мадақтау және позитивті кері байланыс

Тіл үйренуші кішкентай жетістіктің өзін сезінуі керек. Мұғалімнің қолдауы мотивацияны күшейтеді және студенттің сенімділігін арттырады.

6. Дайын тіректер мен сөйлеу үлгілерін беру

Кей студент не айтарын білмегендіктен үндемейді. Сондықтан пікір білдіруге арналған тірек сөздер мен сөйлеу үлгілері маңызды.

7. Визуалды материалдарды қолдану

Сурет, видео, инфографика және визуалды материалдар студенттің ойын тез қозғайды және сөйлеуге деген қызығушылығын арттырады.

8. Ойын элементтерін енгізу

Геймификация студенттің қорқынышын азайтады. Ойын кезінде студент қателесуді табиғи процесс ретінде қабылдайды.

Практикалық әдістер

«Қате айтуға рұқсат», «1 минуттық сөйлеу», «Тірек сөздер арқылы сөйлету» сияқты әдістер тіл үйренушінің сенімділігін арттыруда тиімді нәтиже береді.

Тіл үйренушінің сенімділігі — айтылым дағдысының негізі. Егер студент өзін еркін сезінсе, ол көбірек сөйлейді, тәжірибе жинайды және тілді жылдам меңгереді.

Оқу-әдістемелік құралдардағы айтылым тапсырмаларының ерекшеліктері

Тиімді оқу құралындағы айтылым тапсырмалары деңгейге сай болуы, өмірлік жағдаяттарға негізделуі, белсенді сөздік қорды қамтуы және грамматикалық құрылымдарды табиғи қолдануға мүмкіндік беруі қажет. А1 деңгейіндегі тіл үйренушілерге қарапайым танысу, отбасы, күн тәртібі секілді тақырыптар ұсынылса, В1–В2 деңгейлерінде пікір білдіру, дәлелдеу, салыстыру, талқылау сияқты күрделі айтылым әрекеттері енгізіледі. Бұл тіл үйренушінің тек тілдік емес, танымдық және әлеуметтік дағдыларын да дамытады.

Грамматикалық формалардың әртараптылығы және айтылым

Айтылым әрекетінің сапалы қалыптасуы грамматикалық формалардың жүйелі әрі әртарапты берілуімен тығыз байланысты. Егер оқу құралында тек бір үлгідегі сөйлемдер ғана ұсынылса, тіл үйренушінің сөйлеуі шаблондық сипатта қалып қояды. Сондықтан оқу-әдістемелік құралдарда шақ формалары, септік жүйесі, етіс түрлері, рай категориясы, модаль сөздер, жалғаулықтар және қыстырма сөздер кезең-кезеңімен және қатысымдық бағытта берілуі керек. Грамматикалық әртараптылық тіл үйренушінің ойын нақты жеткізуіне,

эмоция білдіруіне, пікір айтуына және ресми-бейресми стильді ажыратуына мүмкіндік береді.

Тіл үйренушінің айтылым әрекетіндегі кедергілер

Кез келген тілді меңгеру барысында тіл үйренуші түрлі психологиялық, тілдік және әлеуметтік кедергілерге кездеседі. Әсіресе айтылым әрекеті кезінде бұл қиындықтар анық байқалады. Негізгі кедергілердің бірі – тілдік тосқауыл. Көптеген білім алушылар қате айтып қоямын деген қорқынышпен сөйлеуден қашады. Сонымен қатар фонетикалық қиындықтар, грамматикалық жүйенің күрделілігі, сөздік қордың жеткіліксіздігі және аудитория алдындағы сенімсіздік те айтылымға кері әсер етеді. Оқу-әдістемелік құралдардағы тапсырмалардың бірсарынды болуы да еркін сөйлесім дағдысының қалыптасуына кедергі келтіреді.

Айтылым әрекетіндегі кедергілердің салдары

Айтылымдағы кедергілер тілдік сенімсіздікке алып келеді. Егер тіл үйренуші қате айтудан қорқатын болса, ол сөйлеуден қашқактай бастайды. Соның нәтижесінде сабақтағы белсенділігі төмендеп, коммуникативтік ортаға толық қатыса алмайды. Кедергілердің тағы бір салдары – сөздік қор мен грамматикалық құрылымдардың белсенді қолданылмауы. Тіл үйренуші жаңа сөздерді білгенімен, оларды сөйлеу барысында қолдануға қиналады. Психологиялық тұрғыдан тұрақты қорқыныш пен қобалжу эмоционалдық қысым тудырады. Бұл тіл үйренуге деген мотивацияның төмендеуіне әсер етеді. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, айтылым дағдысы жеткілікті дамымаған адам қоғамдық ортада еркін қарым-қатынас жасай алмайды. Бұл оның әлеуметтік бейімделуіне де ықпал етеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқу-әдістемелік құралдардағы айтылым әрекеті тіл үйретудің негізгі компоненттерінің бірі. Айтылым тапсырмалары коммуникативтік мақсатқа негізделіп, тіл үйренушіні табиғи қарым-қатынасқа бейімдеуі қажет. Сонымен қатар грамматикалық формалардың әртарапты берілуі тіл үйренушінің сөйлеу аясын кеңейтіп, ойын еркін әрі нақты жеткізуіне ықпал етеді. Осыған байланысты қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде сөйлетуге бағытталған тапсырмаларды жетілдіру, жағдаяттық әдістерді көбейту және грамматиканы қатысымдық негізде ұсыну маңызды міндеттердің бірі болып саналады.



ТІЛДІК МАТЕРИАЛ: СӨЙЛЕУГЕ ҚАЛАЙ БАҒЫТТАЙМЫЗ?

А.К. Балабеков

НЕ ТУРАЛЫ?



- Айтылым: сөйлеу немесе сөйлету
- Оқу-әдістемелік құралдардағы айтылым әрекеті
- Грамматикалық форманың әртараптылығы және айтылым

САУАЛ

**Сөйлеу мен сөйлету етістіктерінің
айырмашылығы бар ма?**

Шет тілінде еркін сөйлеу үшін не керек?

мектеп, университет, курстар, сосын, сосын ...



Кез келген тіл үйренушіде болатын кедергілер

Тұлғалық

Семантикалық

Мәдени

Тілдік кедергі

Фонетикалық

Физикалық

Әлеуметтік



КЕДЕРГІЛЕРДІҢ САЛДАРЫ

СЕНІМСІЗДІК

ҚОРҚЫНЫШ

ҰЯЛШАҚТЫҚ

КҮЙЗЕЛІС

СТРЕСС

ҚАЖУ



НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Сенімділік тану, түсіну, ұғыну, сезіну, сену болғанда ғана пайда болады.

2 минут

Ұзақтығы: 2 апта

Форматы: жеке, жұптық, топтық

Мақсаты: ақпаратпен таныстыру

3 минут

Ұзақтығы: 2 апта

Форматы: жеке, жұптық, топтық

Мақсаты: ақпаратпен таныстыру, түсіндіру

4 минут

Ұзақтығы: 2 апта

Форматы: жеке, жұптық, топтық

Мақсаты: ақпаратпен таныстыру, түсіндіру, мысал беру



НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

5 минут

Ұзақтығы: 6 апта

Форматы: жеке, топтық

Мақсаты: мәселе, шығу себебі, салдары, шешу, ұсыныс, нәтиже

3 студент

5 минут

Көпшілік
алдында

Апта
тақырыбы



Кіріспе	амандасу, аты-жөн, мектеп, мамандық, курс	амандасу формалары
Негізгі бөлім	тақырыпты таныстыру	тиісті етістіктер
Қорытынды	сөйлеуді аяқтау	алғыс, сұрақ



Мен жоқпын

Маған қарама

Көзбен шарла

Қатты сөйле

Тоқтама

Араластыр

Жылдамдат

32 КҮН ЖАЗУ, АЙТУ, ТЫҢДАУ

250 сөзден тұратын 32 мәтінді ДӘПТЕРГЕ КӨШІРУ, АУДИОҒА ЖАЗУ, ГУГЛ ДИСКТЕ АУДИО САҚТАУ, WORD ҚҰЖАТТА ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІН ЖАСАУ.

КУРС СОҢЫНДА ӨТКІЗУ

ГУГЛ ДИСКТЕ БЕРІЛГЕН 32 АУДИОНЫ МӘТІНГЕ АЙНАЛДЫРЫП ДӘПТЕРГЕ ЖАЗУ

КУРС СОҢЫНДА ӨТКІЗУ



“

Сабақ -
жалғыз сөйлеу алаңы,
сондықтан осы алаңда көбірек
сөйлеуге мүмкіндік жасайық.

”

ОҚУЛЫҚ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

Көптеген оқулықтарда тілді тану емес, ұлттың танымын тану басым болып келеді.

Тіл тірі дейміз, алайда оқулықтарда осы жағын ұмытып кетіп жатамыз.

Жалпы оқулық тіл үйрете отырып, үйренуші бойындағы белгілі бір дағды немесе құзыреттілікті дамытуға қызмет атқарады.

Сөздік қор мен грамматикаға басымдық бере отырып, сөйлеуді ұмытып кетіп жатамыз.

Сөйлеуден гөрі дағдыға жұмыс істейді.

Ойтүрткі

- Білімнің адам өміріне қандай пайдасы бар?
- «Білімді мыңды жығар» дегенді қалай түсінесіңдер?

1-тапсырма. Суреттерден не көріп тұрсың? Өз жұбыңа сұрақтар қой. Сұрағыңда *қоғамтану, жаратылыстану, бағдар, білім алу, оқып үйрену* сөздері мен сөз тіркестері болсын.



4-тапсырма. Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі. Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген тұжырымы бойынша пікірталас өткізіңдер.




8-тапсырма. Суретте қарап диалог құрыңдар.




Тапсырманы :

- балалардың жас шамасын анықтау;
- шамамен қай сыныпта оқығанын, сыныпта қанша бала отырғанын айту;
- сөздерді қанша санын шамалау;
- білімге қатысты сөздерді және суретте бейнеленген заттардың атауларын қолдану.




 4-тапсырма. Жауап беріңіз.

1. Сіз қандай қауымдастыққа мүше болдыңыз немесе болғыңыз келеді?
2. Сіздің ойыңызша, заманауи жастар үшін ең тиімді табыс көзі қандай?
3. Жаксы беделге не болу үшін қандай қасиеттер керек?
4. Шетелдік технологияны жергілікті жағдайға бейімдеу қаншалықты маңызды?

 6-тапсырма. Ақпарат беріңіз.

Жұмысыңызда/қалаңызда/елде қандай іс-шара өтуде?


 11-тапсырма. Жағдаят. Сіз өткен аптада нетворкингке қатыстыңыз. Нетворкинг туралы айтып беріңіз.

1. Қандай форматта болды?
2. Кімдер қатысты?
3. Спикерлер қандай тақырыпта сөйледі?
4. Нетворкинг қай тілде өтті?
5. Нетворкингтен не алдыңыз?
6. Не/кім ерекше әсер етті? Неге?

 5-тапсырма. Сөз тіркестерімен сұрақ дайындап, досыңызға қойыңыз.

Қажет сөздер: семинар жазбасы, кезектен тыс жиналыс, ұтымды тәсіл, жоғары талап, орынды пікір.

Үгі: *Семинар жазбасын қайдан алуға болады?*

 9-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып өз ойыңызды білдіріңіз.

Нетворкинг не себепті қажет?
Қандай мүмкіндік береді?
Нетворкинг кімдерге арналған?

 4-тапсырма. Жауап беріңіз.

- Онлайн іс-шаралар ұйымдастырып көрдіңіз бе?
- Zoom баптауларын білесіз бе?
- Онлайн кезінде қандай келеңсіз жағдай болуы мүмкін?
- Көпшілік алдында сөйлегенде қобалжисыз ба?
- Қандай платформа қолайлы деп ойлайсыз?

 9-тапсырма. Жұптық жұмыс. Жауап беріңіз. Мәтінді негізге алыңыз.

1. Онлайн кездесу форматы не себепті танымал бола бастады?
2. Онлайн кездесу адам денсаулығына әсер ете ме?
3. Онлайн кездесуде микрофон мен камераның маңызы қаншалықты?

**1) 13-тапсырма. Топтық жұмыс.
Талқылау ұйымдастырыңыздар.**

Тіл үйренуші	Міндеті
1- үйренуші	Қазақстандық бренд туралы пікір айтады
2-үйренуші	Сұрақ қояды
1-үйренуші	Жауап береді
3-үйренуші	Жауапты анықтағысы келеді
1-үйренуші	Ақпаратты толық түсіндіріп береді
2-үйренуші	Сұхбатты аяқтайды

2) 3-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.

- а) сұрақтарды достарыңызға қойыңыз
ә) жауабын жазып алыңыз
б) ол туралы айтып беріңіз



Сіздің қайын жұртыңыз бар ма?

Егер бар болса, қайда тұрады?

Сіздің ата-енеңіз бар ма?

Сіздің күйеу балаңыз бар ма?

Егер бар болса, мамандығы кім?

Сіздің келініңіз бар ма?

28

1-САБАҚ

Оқу-әдістемелік құралдар жазу барысында нені ескеруіміз
керек?

Өтірік





ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР ЖАЗУ БАРЫСЫНДА НЕНІ ЕСКЕРУІМІЗ КЕРЕК?



Тіл үйретуге арналған оқулықтар аудитория/жеке үйренуші үшін ...

Диалог

Талқылау

Пікір білдіру

Жағдаят

Тілді түсіну

Орналасуы

Сенімділік

Сөйлеу

Күнделікті тіл

ГРАММАТИКА

- Грамматикалық форма атауы ма?
- Грамматиканы функционалдық бағытта оқыту керек пе?
- Грамматиканы деңгейге қалай бөлу қажет? Нені басшылыққа алу қажет?
- Тіл үйретуде грамматиканы қай кезде беру керек?
- Грамматиканы қай тілде түсіндіру қажет?

Техникалық қателік – ережені білмеуден немесе сақтамау
Механикалық қателік – көбіне асығыстықтан, байқамай жіберу

менің анасы, оның анаға, оның пікірді

Мен қашан келгенде

Мен бармаған жоқпын

Мен келе салысымен, олар кетіп қалды.

Мен келген кезде, олар кетіп қалды.

Мен келгенде, олар кетіп қалды.

Мен келісімен, олар кетіп қалды.

Мен келдім, олар кетіп қалды.

Мен келе сала, олар кетіп қалды.

ГРАММАТИКА

- Грамматикалық форма атауы ма?
- Грамматиканы функционалдық бағытта оқыту керек пе?
- Грамматиканы деңгейге қалай бөлу қажет? Нені басшылыққа алу қажет?
- Тіл үйретуде грамматиканы қай кезде беру керек?
- Грамматиканы қай тілде түсіндіру қажет?



СӨЗДЕН СӨЙЛЕУГЕ ДЕЙІН

Еселбай Динара Нұрболатқызы

Qazline.kz қазақ тілін үйрету платформасының негізін қалаушы, ф.ғ.м.

Қазақ тілінің бүгінгі қоғамдағы мәртебесі артып, қазақ тілді контент пен медиа кеңістіктің дамуына байланысты қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық күн санап күшейіп келеді. Қазақ тілін меңгеруге ниетті азаматтардың саны артып, қоғам тарапынан нақты сұраныс қалыптасты. Осыған сәйкес, қазақ тілі мамандарының қоғам алдындағы жауапкершілігі де еселеп өсіп отыр. Бүгінгі күннің талабы – қазақ тілін жеңіл, қызықты, нәтижелі әрі уақыт талабына сай форматта үйрету. Сұраныс артқан жерде ұсыныстың көбейетіні заңдылық. Қазіргі таңда қазақ тілін жылдам әрі тиімді үйретуді ұсынатын түрлі тіл орталықтары мен курстар көбейді. Әрине, олардың барлығының сапасына бірдей баға беру қиын. Нәтижеге жеткізетіндері де бар, қысқа уақытта шектен тыс уәде беретіндері де кездеседі. Дегенмен тіл үйренуші өз қажеттілігі мен мақсатына қарай таңдау жасайды.

Біз де осы салада алты жылдан астам уақыт еңбек етіп келеміз. Осы кезең ішінде алты мыңнан астам оқушыны түрлі деңгейде қазақ тілінде сөйлетуге үлес қостық. Жинақталған тәжірибе барысында әдістемемізді үздіксіз саралап, оқушы кері байланысын ескеріп, сұрыптап, жетілдіріп келеміз. Әрине, қандай да бір әдістеме толық кемеліне жетті деу дұрыс емес. Әдістеме заман ағымына, қоғам сұранысына және тіл үйренушінің қажеттілігіне қарай үнемі жаңарып отыруы тиіс. Сондықтан бүгінгі баяндамада айтылатын ойлар – алты жылдық тәжірибеден туған практикалық тұжырымдар мен қалыптасқан қағидаттар ғана. Бұл – жалғыз дұрыс жол деген сөз емес, алайда нақты нәтиже берген тәсілдер екені анық.

1. Грамматиканы теория емес, қолданыс арқылы үйрету

Біздің әдістемедегі негізгі қағидаттардың бірі – грамматикалық құрылымдардың қызметтік-қолданыстық сипатына басымдық беру. Яғни тіл үйренушіге белгілі бір грамматикалық форманы жаттатудан бұрын, оның өмірде қашан, не үшін және қандай жағдайда қолданылатынын түсіндіру қажет. Көп жағдайда тіл үйренушілерге терминдер, сөз таптары, ережелер, жіктеулер шамадан тыс беріледі. Ал қарапайым ересек тіл үйренушіге бұл ақпараттың бәрі бірдей қажет бола бермейді. Оған ең алдымен тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметі маңызды. Сондықтан кез келген грамматикалық тақырыпты түсіндіргенде мұғалім өзіне мына екі сұрақты қоюы керек:

- Бұл құрылымды үйретудегі мақсатым не?
- Оқушы мұны өмірде қалай қолданады? Осы сұрақтар әдістемелік бағытты айқындайды.

Мысал: септік жалғаулары

Көп жағдайда септіктер бір кесте түрінде беріледі: атауы, сұрағы, жалғауы. Бірақ оқушы кестені жаттағанымен, сөйлеп кетпейді. Себебі ол жалғаудың қызметін түсінбейді. Мысалы, барыс септігі – бағытты білдіреді:

бір жерге бару, келу, жету. Сондықтан оны былай беру әлдеқайда тиімді: Мен + орын + ға/ге/қа/ке + барамын

- Мен дүкенге барамын.
- Мен жұмысқа барамын.
- Мен ауылға барамын.
- Мен тауға барамын.

Осылайша оқушы жалғауды жеке емес, дайын сөйлеу құрылымы ретінде меңгереді.

Ал шығыс септігін барыс септігімен салыстырып түсіндіруге болады:

- Барыс септігі – бір жерге бару
- Шығыс септігі – сол жерден шығу, қайту.

Сонда оқушы үшін тілдің ішкі логикасы ашылады. Осы бағыттан шығатын қағидаттар:

1. Әр грамматикалық тақырыптың қызметін түсіндіру;
2. Құрылымдарды формула, шаблон түрінде беру;
3. Ана тілімен немесе өзге таныс тілдермен салыстыру арқылы түсіндіру.

2.Ақпаратты мөлшерлеп беру қағидаты

Қазақ тілін үйретуде жиі кездесетін қателіктің бірі – оқушы деңгейімен санаспай, ақпаратты шамадан тыс беру. Жақсы әдістеменің белгісі – көп ақпарат беру емес, қажетті ақпаратты дәл уақытында беру. Мысалы, А1 деңгейіндегі оқушыға барыс септігінің барлық нұсқаларын бірден берудің қажеті жоқ. Алғашқы кезеңде тек ға/ге/қа/ке формаларын беру жеткілікті. Кейін тілдік деңгейі өскен кезде күрделірек түрлерін қосуға болады.

Сол сияқты нақ осы шақты үйреткенде алғашқыда тек жатыр формасынан бастауға болады:

- Мен оқып жатырмын
- Ол ойнап жатыр

Кейін ғана отыр, тұр, жүр формалары енгізіледі.

Бұл мектептегі математиканы оқыту жүйесіне ұқсайды: алдымен қосу-азайту, кейін көбейту-бөлу, одан соң күрделі тақырыптар беріледі.

Тағы бір мысал:

Кейде оқушыға бірден:

- Мен сені сүйемін
- Мен сені жақсы көремін
- Мен сені ұнатамын
- Маған ұнайсың

сияқты бірнеше құрылым қатар беріледі. Бұл шатастырады. Алдымен жеңіл құрылымнан бастаған дұрыс:

- Маған кофе ұнайды
- Маған музыка ұнайды
- Маған саяхаттау ұнайды

Содан кейін күрделірек құрылымдарға көшу керек.

Әдіскер оқушының деңгейін дәл анықтап, оған шамасына сай материал беруі тиіс. Мұғалім белгілі бір мағынада дәрігер сияқты: дұрыс диагноз қойып, дұрыс мөлшер ұсынуы қажет. Артық ақпарат оқушыны жалықтырып, ынтасын төмендетуі мүмкін.

3.Тілді кешенді оқыту қағидаты

Қазақ тілін оқытуда назардан тыс қалып жататын маңызды мәселенің бірі – тілді кешенді түрде, барлық аспектілерін қамтып оқыту. Мектепте де, жоғары оқу орындарында да қазақ тілі оқытылғанымен, қарапайым сөйлеу деңгейіне жете алмаған азаматтар аз емес. Оның басты себептерінің бірі – тілді тек теория, ереже, мәтін аударту, жаттау арқылы оқыту тәсілдерінің басым болуы. Ал қазіргі әлемдік тәжірибеде тіл үйрету коммуникативтік және кешенді модельге негізделеді. Яғни бір сабақта бірнеше дағды қатар дамуы керек:

- тыңдалым
- айтылым
- оқылым
- жазылым
- грамматика
- сөздік қор

Мысалы, бір сабақта:

1. Жаңа құрылымды түсіндіру;
2. Сол тақырып бойынша қысқа аудио тыңдату;
3. Жұптық сөйлесу тапсырмасы;
4. Қысқа мәтін оқу;
5. Жазбаша бекіту тапсырмасы.

Осындай сабақ тіл үйренушіні жан-жақты дамытады. Әсіресе тыңдалым мен айтылым – ең баяу қалыптасатын дағдылар. Сондықтан оларға әр сабақта арнайы уақыт бөлінуі тиіс.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда қазақ тілін қысқа уақытта тиімді үйретуге толық мүмкіндік бар. Ол үшін біз ұстанатын негізгі үш қағидат мыналар:

1. Грамматиканы қызметі арқылы үйрету
Ережені емес, өмірдегі қолданысын көрсету.
2. Ақпаратты мөлшерлеп беру
Оқушы деңгейіне сай, қажет материалды ғана ұсыну.
3. Тілді кешенді оқыту

Сабақта тілдің барлық дағдыларын қатар дамыту.

Осы үш қағидат жүйелі қолданылған жағдайда тіл үйренуші қазақ тілін тезірек меңгеріп, сөйлеу деңгейіне сенімді түрде шыға алады.

Қорытындылай айтқанда, қазақ тілін оқытудағы қазіргі сұраныс – тілді жылдам, тиімді әрі өмірмен байланыстыра үйрету. Бұл мақсатқа жету үшін дәстүрлі «ереже жаттату» тәсілінен гөрі, практикалық және қолданбалы әдістерге сүйену қажет. Алты жылдық тәжірибе көрсеткендей, нақты нәтиже беретін оқыту жүйесі үш негізгі қағидатқа негізделеді.

Біріншіден, грамматиканы құр теория ретінде емес, күнделікті өмірдегі қызметі арқылы үйрету маңызды. Оқушы әрбір тілдік құрылымның не үшін қажет екенін және оны қай жағдайда қолданатынын түсінгенде ғана еркін сөйлей бастайды.

Екіншіден, ақпаратты мөлшерлеп беру – тиімді оқытудың басты шарты. Оқушы деңгейіне сай, нақты әрі қажетті материалды кезең-кезеңімен ұсыну оның қызығушылығын сақтап, жүйелі прогреске жеткізеді.

Үшіншіден, тілді кешенді түрде оқыту қажет. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, грамматика мен сөздік қор бір сабақтың ішінде қатар дамытылғанда ғана тіл толық меңгеріледі.

Осы үш қағидат жүйелі түрде қолданылған жағдайда, тіл үйренуші қысқа уақыт ішінде қазақ тілінде сенімді сөйлей алатын деңгейге жетеді.



Динара Еселбаева

Qazline онлайн мектебінің негізін қалаушысы

Қазақ тілін қысқа уақытта тиімді оқытудағы заманауи

Әдістемелік қағидаттар



Республикалық онлайн семинар | 2026


- Отандастырымыз бен шетелдіктер тарапынан қызығушылықтың артуы.
- Ірі мекемелердің қызметкерлерінің қазақ тілінде қызмет көрсетулерін талап етуі.
- Қазақ тілді контенттің қарқынды дамуы.
- Ата-аналардың балаларын қазақ мектептеріне беріп, қазақ тілін үйренулеріне жағдай жасауы.



Неге көп адам қазақ тілінің оқып жүріп сөйлей алмайды?

Теория көп Практика аз Қызықсыз
формат Артық ақпарат

«Қазақ тілі қиын» жалған стереотипі



Біздің тәжірибе

6+ жыл

6000+ оқушы

1000+ кері байланыс






ЗНЕГІЗГІ ҚАҒИДАТ

Нәтиже беретін жүйе:

Кәленді оқыту

Мөлшерлеп берілетін ақпарат

Қолданысқа негізделген грамматика





Грамматикаережеемес, құрал.

1-ҚАҒИДАТ



	Вопросы	Окончание	После звуков
Шығыс с.	Кімнен? Неден? Қайдан? Қашаннан?	-дан/-ден	гласные, ж, з, л, р, у, й
		-та/-те	к, қ, п, с, т, ш, щ, ф, х, һ, ц, ч, б, в, г, д
		-нан/-нен	м н ң, 3 лицо*
Барыс с.	Қай жерге? Қайда? Кімге ? Неге?	-ға/-ге	гласные, ж, з, л, р, у, й, м, н, ң
		-қа/-ке	к, қ, п, с, т, ш, щ, ф, х, һ, ц, ч, б, в, г, д
		-на/-не	3 лицо*
		-а/-е	1, 2 лицо*

Мен ... + ға/ге/қа/ке + барамын

Мен жұмыс+қа барамын Мен
мектеп+ке барамын Мен Дубай+ға
барамын

-
-
-




Септік жүйесі өте логикалық жүйе **барыс**

жатыс


жатыс



Барыс септік=бару
Мектепке барамын
(қайда?)



Жатыс септік=мекен
Мектептемін (қайда?)



Шығыс септік=шығу
Мектептен келдім
(қайдан?)

**Барыс
септік**

**ға/ге
қа/ке**

Направление



**Жатыс
септік**

**да/де
та/те**

Местоположе
ние



**Шығыс
септік**

**дан/ден
тан/тен
нан/нен**

Начало
действия



Қайда?

Куда?



Мен үй+ге
барамын.

Еду куда?

Где?



Мен үй+де
отырмын.

Сижу где?

Қайдан

Откуда?




Мен үй+ден
шықтым.

Вышел откуда?




Барыс/жатыс/шығыс септіктерін қайталау


Барыс септік ("бару" – "идти") Направительный

	Кімге (кому?), Неге? (чему?), Қайда? (куда?)	-ға/-ге	гласные, л, р, у, й, м, н, ң, ж, з	үй+ге, Мөлдір+ге, заман+ға
		-қа/-ке	к, қ, п, ф, т, ш, с, б, в, г, д	шкаф+қа, Багдад+қа, сурет+ке

Жатыс септік ("жату" – "лежать") Местный

	Кімде? (у кого?), Неде? (у чего?), Қайда? (где?), Қашан? (когда?)	-да/-де	гласные, л, р, у, й, м, н, ң, ж, з	үй+де, Мөлдір+де, жаз+да
		-та/-те	к, қ, п, ф, т, ш, с, б, в, г, д	шкаф+та, Багдад+та, сурет+те

Шығыс септік ("шығу" – "выходить") Исходный

	Кімнен? (от кого?), Неден? (из чего?), Қайдан? (откуда?)	-дан/-ден	гласные, л, р, у, й, ж, з	үй+ден, Мөлдір+ден, жаз+дан
		-тан/-тен	к, қ, п, ф, т, ш, с, б, в, г, д	шкаф+тан, Багдад+тан, сурет+тен
		-нан/-нен	м, н, ң (последний звук)	ана+м+нан, заман+нан

Үлгі бойынша орындаңыз

Қажетті сөздер: касса, мешіт, емхана, үй, мектеп, мейрамхана, театр.

БАРЫС СЕПТІГІ Қайда? -ға/-ге/-қа/-ке	ЖАТЫС СЕПТІГІ Қайда? -да/-де/-та/-те	ШЫҒЫС СЕПТІГІ Қайдан? -дан/-ден/-тан/-тен/-нан/-нен
Мен дүкенге бара жатырмын.	Мен дүкендемін.	Мен дүкеннен келе жатырмын.

Мына сөз тіркестерін аударыңыз

В школу/в школе/из школы
На работу/на работе/с работы
Домой/дома/из дома
В магазине/в магазин/из магазина
Из садика/в садике/в садик
В музее/в музей/из музея
В город/из города/в городе
В аптеку/из аптеки/в аптеке





АЙТ




Мектепке



Мектепте



Мектептен





АЙТ





Оқыңыз және аударыңыз

- Аида, сәлем! Қайдан келе жатырсың?
- Сәлем, Ару! Мектептен келе жатырмын. Ал сен қайдан келе жатырсың?
- Мен дүкеннен келе жатырмын. Мектепте не істедің?
- Мектепте “Бауырсақ” ертегісін оқыдым. Ертегі маған ұнады. Ал сен дүкеннен не сатып алдың?
- Дүкеннен ұн, сүт, май, жұмыртқа сатып алдым. Кешке анаммен бірге бауырсақ пісіреміз. Біздің үйге кел, бауырсақ жейміз, шай ішеміз.
- Жақсы, кешке барамын.



ҚАҒИДАТ
Ақпаратты мөлшерлеп беру.



БАРЫС СЕПТІК от "бару" - "идти"

-ға/-ге
-қа/-ке



Мен үйге
барамын.

Қайда?
Куда?

после всех
остальных звуков

следуют глухих
согласных **к, қ, п, с,**
т, ш, щ, ф, х, һ, ц, ч
и звонких **б, в, г, д**

к твердым (**а, о, ұ, ы**)

-ға

-қа

к мягким (**ә, ө, ү, і, е**)

-ге

-ке

Барысептігібастапқыдеңгейде

СІЗ ҚАЙДА БАРАСЫЗ?

Мен место + -ға/-ге/-қа/-ке + барамын

Мен әуежай+ға барамын.



Қайда?
Куда?

после всех
остальных звуков

после глухих
согласных **к, қ, п, с,**
т, ш, щ, ф, х, һ, ц, ч
и звонких **б, в, г, д**

к твердым (**а, о, ұ, ы**)

-ға

-қа

к мягким (**ә, ө, ү, і, е**)

-ге

-ке

Жалғауларды дұрыс жалғаңыз

1. Мадина дүкен.... барады.
2. Мен вокзал... барамын.
3. Айсұлу мейрамхана... барады.
4. Менің досым Алматы... барады.
5. Дамир Көкшетау... барады.
6. Алихан стадион... барады.

Қайда? Куда?	после всех остальных звуков	после глухих согласных к, қ, п, с, т, ш, щ, ф, х, һ, ц, ч и звонких б, в, г, д
к твердым (а, о, ұ, ы)	-ға	-қа
к мягким (ә, ө, ү, і, е)	-ге	-ке

Барысептігібастапқыдеңгейде

КІМ ҚАЙ ҚАЛАҒА БАРАДЫ?



Медет/Астана



Мадина/Мәскеу



Мәжіт/Дубай



Маша/Америка

БАРЫС СЕПТІК - куда? кому? после притяжательных окончаний

Менің -ым\ім\м + -а\е.

Сенің -ың\ің\ң + -а\е.

Сіздің -ыңыз\іңіз\ңыз\ңіз + -ға\ге.

Оның -ы\і\сы\сі + -на\не.

1. Менің **үй+ім+е** кешке қонақтар келеді.
2. Сенің **қол+ың+а** не болды?
3. Сіздің **бала+ңыз+ға** да бургер керек пе?
4. Оның **телефон+ы+на** хабарластым.
5. Катяның **үй+і+не** нешеде барамыз?

Жалғауларды қойыңыз

1. Арман биыл Сулейман Демирель университеті_____ түсті.
2. Кітапты сенің сөмкең_____ салдым.
3. Әпкем анама “Аруназ” спа салоны_____ сертификат сыйлады.
4. Қазір Маржанның үйі_____ бара жатырмын.
5. Құжаттарды сіздің поштаңыз_____ жібердім.
6. Екі жыл бұрын әкем туған күнім_____ жаңа ноутбук сыйлаған.
7. Ерсұлтан биыл сенің мектебің_____ бірінші сыныпқа барады.
8. Ата-анам Лондон қаласы_____ барады, соған ПЦР тапсырып жүр.
9. Сіздің мерекеңіз_____ арнап дастархан жасадық,
10. Менің қызыл дипломым_____ туысқандарым көрімдік берді.

ҚАТЕНІ ТАП

1. Менің дәптеріме қарама!
2. Менің орындығыма отырма!
3. Менің телефонымна тиме!
4. Сенің аулаңа кірейік.
5. Сен терезеңе қарама.
6. Сенің жұмысыңға бардық.
7. Сенің велосипедіңе міндік.
8. Ол оңна бұрылды.
9. Ол бақшасына барды.
10. Ол үстеліге отырды.
11. Менің қаламдарыме тиіспе!



ҚАЙДА БАРҒЫҢ КЕЛЕДІ?



“Чаплин”
кинотеатры



“Манго”
дүкені



“Мега”
орталығы

БАРЫС СЕПТІК - куда? кому? после притяжательных окончаний

Менің -ым\ім\м + -а\е.

Сенің -ың\ің\ң + -а\е.

Сіздің -ыңыз\іңіз\ңыз\ңіз + -ға\ге.

Оның -ы\і\сы\сі + -на\не.

1. Менің **үй+ім+е** кешке қонақтар келеді.
2. Сенің **қол+ың+а** не болды?
3. Сіздің **бала+ңыз+ға** да бургер керек пе?
4. Оның **телефон+ы+на** хабарластым.
5. Катяның **үй+і+не** нешеде барамыз?

ТӘУЕЛДЕУЛІ БАРЫС СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫН БОС ОРЫНҒА ҚОЙЫҢЫЗ:

Үлгі: Мен дизайнер + ім + е жобаның жаңа талаптарын түсіндіріп, мерзімін нақтылап бердім.

1. Ол (бағдарламашы) _____ сайтта пайда болған қатені тез арада түзетуді тапсырды.
2. Біз (маркетолог) _____ нарықты қайта талдап, жаңа стратегия жасау тапсырмасын бердік.
3. Клиент SMM (маман) _____ контент жоспарын жаңарту туралы ойын айтты.
4. Басшы IT (маман) _____ сервердің жүктемесі артқанын ескертіп, мәселені шешуді тапсырды.
5. Компания (аналитиктер) _____ деректерді толық зерттеп, қорытынды жасауды міндеттеді.
6. Мен UX/UI (дизайнер) _____ сайт дизайнын жақсарту туралы пікірімді айттым.
7. Ол жоба (менеджер) _____ командаға жұмысты теңдей бөліп беру керектігін айтты.
8. Біз (таргетолог) _____ жарнаманың тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруды ұсындық.
9. Клиент (копирайтер) _____ бренд стиліне сай мәтіндер дайындауды тапсырды.

Тәуелдеулі барыс септік жалғауларын дұрыс қойып аударыңыз:

1. Моим друзьям сообщили о новых требованиях университета.
2. На твой телефон пришло письмо из-за границы, но ты его ещё не открыл.
3. Вашим коллегам поручили активно участвовать в этом проекте.
4. Его сыну предоставили большую возможность учиться за рубежом.
5. В нашу деревню если приедет новый врач, людям станет легче.
6. Учителю Кати не понравилось поведение учеников.
7. Работе моего отца сейчас нужны специалисты новой профессии.
8. На твою идею руководители обратили большое внимание.
9. В их школу приехали международные эксперты и обменялись опытом.
10. Я всегда прислушиваюсь к совету моей бабушки, потому что она — мудрый человек.

НАҚ ОСЫ ШАҚ

ГЛАГОЛ + ЫП/ІП/П + ЖАТЫР/ЖҮР/ОТЫР/ТҰР

- п после гласных;
- ып после согласных, твердое слово;
- іп после согласных, мягкое слово.



оқып отыр
оқу



оқып жатыр



оқып тұр



оқып жүр

ЖАТЫР

МОЖНО УПОТРЕБЛЯТЬ ВСЕГДА!



музыка
ойна**п** жатыр



музыка
тыңда**п** жатыр



жұмыс
істе**п** жатыр



ұйықта**п**
жатыр

ИСКЛЮЧЕНИЯ: БАРУ, КЕЛУ

бару - бара**а** жатыр

келу - келе**е** жатыр

МЫНА БАЛАЛАР
НЕ ІСТЕП ЖАТЫР?



Әлия



Игорь



Мақпал

СӨЙЛЕМ ҚҰРА

- Сен саябақта (серуендеу)
- Сен үйде музыка (тыңдау).
- Сен теңіз жағасында суретке (түсу).
- Сен достарыңмен волейбол (ойнау).
- Сен компьютерде ойын (ойнау).
- Сен дәмханада досыңмен (сөйлесу).

ЖАТЫР

МОЖНО УПОТРЕБЛЯТЬ ВСЕГДА!



музыка
ойна**п** жатыр



музыка
тыңда**п** жатыр



жұмыс
істеп**п** жатыр



ұйықта**п**
жатыр

ИСКЛЮЧЕНИЯ: БАРУ, КЕЛУ

бару - бара**а** жатыр

келу - келе**е** жатыр

ТОЛЫҚТЫР

ЕТІСТІКТЕРДІ ҚОЛДАН

Мен қазір кітап ___ отырмын. (оқу)

Олар бақшада ___ жүр. (ойнау)

Сен бізбен бірге ___ отырсың ба? (қарау)

Мұғалім жаңа тақырыпты ___ жатыр. (түсіндіру)

Біз қазір сурет ___ жатырмыз. (салу)

Әкем теледидар ___ отыр. (көру)

Анам асүйде тамақ ___ жатыр. (дайындау)

Балалар спортзалға барып, жаттығу ___ жүр. (жасау)

Қыздар ән айтып, би ___ жатыр. (билеу)

Күн суық, мен үйде жылы шай ___ отырмын. (ішу)



ТОЛЫҚТЫР

Аян: Сәлем, Мадина! Сен не істеп отырсың?

Мадина: Сәлем, Аян! Мен бөлмемде кітап (оқу).

Аян: Қандай кітап оқып отырсың?

Мадина: "Ертегілер әлемін" оқып отырмын. Бұл өте қызық кітап!

Аян: Сен ертегіні жақсы көресің бе?

Мадина: Иә, әсіресе, батырлар туралы ертегілерді жақсы көремін.

Аян: Керемет! Мен де ертегі оқуды ұнатамын. Кейін маған да берші, оқып көрейін.

Мадина: Әрине, мен болған соң беремін!

ЖАУАП БЕР

- ✓ МАДИНА ҚАЙДА КІТАП ОҚЫП ОТЫР?
- ✓ МАДИНА ҚАНДАЙ КІТАП ОҚЫП ОТЫР?
- ✓ МАДИНА ҚАНДАЙ ЕРТЕГІЛЕРДІ ҰНАТАДЫ?
- ✓ АЯН МАДИНАНЫҢ КІТАБЫН НЕ ҮШІН СҰРАДЫ?
- ✓ МАДИНА КІТАБЫН АЯНҒА ҚАШАН БЕРЕДІ?

Вспомогательный глагол ТҰР

<p>действие происходит сейчас, стоя</p>	<p>Азат далаға қарап тұр. Айна ыдыс жуып тұр. Камила тамақ пісіріп тұр.</p>
<p>выражает эмоцию, состояние человека</p>	<p>ауырып тұр, басы ауырып тұр, шаршап тұр, ашуланып тұр, қарны ашып тұр, тойып тұр.</p>
<p>показывает состояние природы, погоду</p>	<p>жел соғып тұр, күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр.</p>

Суретке қарап, гл.+ып/іп/п+тұру формасы арқылы ауа райын айтыңыз:



Жаңбыр
жауып
тұр.



Жел
соғу



боран
соғу



найзағай
ойнау



күн
шығу



күн
бұлтты
болу



Төмендегі сөйлемдерді суреттермен сәйкестендіріңіз.

1. Қарны ашып тұр.
2. Тойып тұр.
3. Басы айналып тұр.
4. Тамағы ауырып тұр.
5. Қатты шаршап тұр.
6. Іші ауырып тұр.
7. Күліп тұр.
8. Ашуланып тұр.
9. Ойланып тұр.



Вспомогательный глагол ЖҮР

действие происходит сейчас, **на ходу**

Балалар далада ойнап жүр.
Спортшылар стадионда жүгіріп жүр.

действие происходит длительное время, **периодически** вы к этому возвращаетесь.

Мен сериал қарап жүрмін [не досмотрела весь сезон, еще буду смотреть].
Университетте оқып жүрмін [не закончил учебу, еще 2 курса впереди].

Гл+ып/іп/п+жүру формасын пайдаланып, адамдар туралы айтыңыз.

Үлгі: Айдар/18 жас/студент/бокспен айналысу.
*Айдар 18 жаста. Қазақ Ұлттық университетінің
1-курсында оқып жүр. Қазір бокспен айналысып жүр.*

1. **Катя/5 жас/гимнастикамен айналысу.**
2. **Динара/25 жас/тұрмыста/ағылшын тілін оқу.**
3. **Айдана/4 жас/балетке бару.**
4. **Айым/16 жас/оқушы/емтиханға дайындалу.**
5. **Жанерке/12 жас/оқушы/бассейнге бару.**
6. **Настя/38 жас/тұрмыста/косметологқа бару.**
7. **Кирилл/ 13 жас/оқушы /күреске бару.**

Жаңа грамматика

Маған глагол + у ұнайды. +
Маған глагол + у ұнамайды. -
Саған глагол + у ұнай ма?

Маған кітап оқу ұнайды. - Мне нравится читать.
Маған ыдыс жуу ұнамайды. - Мне не нравится мыть посуду.
Саған дзюдомен айналысу ұнай ма? - Тебе нравится дзюдо
заниматься?

БАЛАЛАРҒА НЕ ІСТЕУ ҰНАЙДЫ?



Самал
Самалға жүзу
ұнайды



Әли/
стадионда
жүгіру



Мөлдір/
далада ойнау




Ұнаубастапқыдеңгейде

**АЛ САҒАН НЕ
ІСТЕУ ҰНАЙДЫ?**

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

ЖАУАП БЕР

Оның аты кім?
Оның бос уақыты көп пе?
Оған не ұнайды?
Ол гимнастикаға кіммен бірге барады?
Ал биге кіммен бірге барады?
Ал саған билеу ұнай ма?



**ГЛАГОЛ
МЕН +ҒАНДЫ/ГЕНДІ/
ҚАНДЫ/КЕНДІ**

**ЖАҚСЫ КӨРЕМІН/
ЖАҚСЫ КӨРМЕЙМІН**

	после остальных	после глухих согласных к, қ, п, с, т, ш, щ, ф, х, һ, ц, ч и звонких б, в, г, д
к твердым	-ғанды	-қанды
к мягким	-генді	-кенді

ЖАЛҒАУЛАРДЫ ДҰРЫС ЖАЛҒАҢЫЗ:

1. Сәбина бос уақытында (кітап оқу) _____ (жақсы көру) _____.
2. Мен бос уақытымда (сериал көру) _____ (жақсы көру) _____.
3. Артур бос уақытында (шахмат ойнау) _____ (жақсы көру) _____.
4. Жансая бос уақытында (шаңғы тебу) _____ (жақсы көру) _____.
5. Алексей бос уақытында (далаға шығу) _____ (жақсы көру) _____.
6. Анна бос уақытында (билеу) _____ (жақсы көру) _____.
7. Сен бос уақытыңда не (істеу) _____ (жақсы көру) _____?
8. Вадим бос уақытында (суретке түсіру) _____ (жақсы көру) _____?
9. Дариға бос уақытында (киім тоқу) _____ (жақсы көру) _____.
10. Сіз бос уақытыңызда (жүзу) _____ (жақсы көру) _____.



МЕНИҢ ДОСТАРЫМ



Менің атым Дана. Менің достарым бар. Олар: Ұлпан, Аида және Маржан.

Ұлпан бос уақытында тамақ істегенді, ән айтқанды жақсы көреді. Ал үй жинағанды жақсы көрмейді.

Аида бос уақытында үй жинағанды, пицца пісіргенді жақсы көреді. Ал серуендегенді жақсы көрмейді.

Ал Маржан бос уақытында кітап оқығанды ұнатады, бірақ тамақ істегенді ұнатпайды. Сол себепті күнде дәмханадан тамақ ішеді.

Ал маған билеу, спортпен айналысу ұнайды. Ал сурет салу, интернетте отыру ұнамайды.

СУРЕТТЕГІ АДАМДАР НЕ ІСТЕГЕНДІ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ?



Үлгі: Әжесі мен немересі тоқығанды жақсы көреді

ҚАЙТАЛАУ.

📌 **Мен гл (без у) + ғанды/генді/қанды/кенді жақсы көремін –**

Я люблю что-то делать

📌 **Мен гл (без у) + ғанды/генді/қанды/кенді ұнатамын –**

Мне нравится что-то делать

📌 **Маған гл + у ұнайды –**

Мне нравится что-то делать (упрощенный вариант)



КЕСТЕНІ ТОЛТЫРЫҢЫЗ:

Етістіктер: сурет салу, ән айту, жүгіру, спортпен айналысу, серуендеу

	<i>гл + ғанды/генді/ қанды/кенді жақсы көру</i>	<i>гл + ғанды/генді/ қанды/кенді ұнату</i>	<i>гл + у ұнайды</i>
<i>Мен</i>			
<i>Сен</i>			
<i>Сіз</i>			
<i>Ол</i>			
<i>Дастан</i>			

Диалогты “ғанды/генді/қанды/кенді ұнату” формасымен толықтырыңыз:

Айдана: Сәлем, Нұржан! Сен бос уақытыңда немен (айналысу) _____ ?

Нұржан: Сәлем, Айдана! Мен әдетте кітап (оқу) _____ және сыртта (серуендеу) _____ . Әсіресе таза ауада жаяу (жүру) _____ . Ал сен ше?

Айдана: Мен де (серуендеу) _____ , бірақ кітаптан гөрі көбірек фильм (көру) _____ . Соңғы кезде шетелдік сериалдарды қызығып көріп жүрмін.

Нұржан: Қандай жанрдағы фильмдер мен сериалдарды ұнатасың?

Айдана: Мен драманы, тарихи сериалдарды және детектив жанрын ұнатамын. Өйткені мұндай жанрлар адамның ойын дамытады. Ал сен қандай жанрды ұнатасың?

Нұржан: Мен фантастиканы ұнатамын. Болашақ технологиялар туралы фильмдер ерекше әсер етеді. Бірақ кейде комедия (көру) _____ де _____ .

Айдана: Жақсы екен. Ал спортпен (айналысу) _____ ба?

Нұржан: Иә, мен (жүгіру), (жүзу) _____ . Спорт маған күш-қуат береді. Ал сен спорттың қандай түрін ұнатасың?

Айдана: Мен йогамен (айналысу) _____ . Йога мені тыныштандырады.

СУРЕТТЕГІ АДАМДАРДЫ ҮШ ФОРМАДА (ЖАҚСЫ КӨРУ, ҰНАТУ, ҰНАУ) СИПАТТАҢЫЗ:



Ұнату+жақсы көру орта деңгейде

<i><u>Мен</u> ойнағанды жақсы көремін</i>	<i><u>Мен</u> ойнағанды ұнатамын</i>	<i><u>Маған</u> ойнау ұнайды</i>
<i><u>Сен</u> ойнағанды жақсы көресің</i>	<i><u>Сен</u> ойнағанды ұнатасың</i>	<i><u>Саған</u> ойнау ұнайды</i>
<i><u>Сіз</u> ойнағанды жақсы көресіз</i>	<i><u>Сіз</u> ойнағанды ұнатасыз</i>	<i><u>Сізге</u> ойнау ұнайды</i>
<i><u>Ол</u> ойнағанды жақсы көреді</i>	<i><u>Ол</u> ойнағанды ұнатады</i>	<i><u>Оған</u> ойнау ұнайды</i>
<i><u>Вадим</u> ойнағанды жақсы көреді</i>	<i><u>Вадим</u> ойнағанды ұнатады</i>	<i><u>Вадимге</u> ойнау ұнайды</i>



Бастапқы деңгейде

Мен ... жастамын

Жалғастырушы

деңгейде

Менің жасым ...

Орта деңгейде

**Отыздан астым, қырыққа келіп
қалдым, елу жас шамасында,
алпысқа жетпеген.**



Мұғалімкім?

Ақпарат беруші емес Диагност

Әдіскер

Жол көрсетуші

Мұғалім **дәрігер сияқты** — мөлшерді дұрыс беруі керек.





Тілдің барлық аспектілерін қамтамасызету.

3-ҚАҒИДАТ



Тілдің барлық аспектілерін қамтамасыз ету

Тыңдалым Айтылым Оқылым

Жазылым Грамматика



A1A2B1





Сөйлеуге жеткізетін формула: **Нәтиже=қолданыс+мөлшер+кешенділік**


Осы үш компонент бар жерден нәтиже міндетті түрде болады.



Ескі әдістерден шығу


Нәтижеге бағытталу

- Қолданыс пен практикаға мән беру
- Қазақ тілін заманауи форматта ұсыну
-
-
-




Мақсат — Қазақ тілін қиындатпай, қолжетімді ету.

Назарларыңызға рақмет!



Динара Еселбаева

Qazline онлайн мектебінің
негізін қалаушысы,
филолог, әдіскер



**II ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДІҢ ТЕОРИЯСЫ: ЖАҒДАЯТ,
ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ӘЗІРЛЕУ**

«ЖАҒДАЯТТЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ» КУРСЫ

Тасыбеков Қанат Ғалымұлы

*«Жағдаяттық қазақ тілі» атты бірегей қазақ тілі оқулығының авторы
және «МӘМЛЕ» қазақ тілі клубының негізін қалаушы*

Қазақ тілін оқыту мәселесі қазіргі қазақ қоғамында тек лингвистикалық міндет ретінде ғана емес, әлеуметтік, мәдени және азаматтық маңызы бар құбылыс ретінде қарастырылады. Мемлекеттік тілді меңгеру адамның еңбек нарығындағы мүмкіндігіне, қоғамдық қатынасқа қатысуына, мәдени ортаны түсінуіне және ұлттық құндылықтармен байланыс орнатуына әсер етеді. Алайда тіл үйренушілердің бір бөлігі, әсіресе ересек жастағы орыс тілді азаматтар, қазақ тілін үйренуге бірнеше рет талпынып, тұрақты нәтижеге жете алмайтынын жиі айтады. Мұндай сәтсіздіктің себептері көбіне сөзді жаттап алып ұмыту, грамматикалық теорияны нақты сөйлеуде қолдана алмау, қазақы мәдени контексті түсінбеу және қате сөйлеуден қысылу сияқты факторлармен байланысты.

Осы тұрғыдан алғанда «Ситуативный казахский» әдістемесі дәстүрлі тіл үйрету тәжірибесіне балама емес, оны толықтыратын прагматикалық бағыт ретінде қызығушылық туғызады. Әдістеме тіл үйренушіге абстрактілі ереже мен жеке сөздердің механикалық жиынтығын емес, нақты өмірде қажет болатын сөйлеу жағдаяттарын ұсынады. Оның логикасы қарапайым: адам тілдік бірлікті нақты жағдаймен, әлеуметтік рөлмен, мәдени нормамен және эмоциялық тәжірибемен байланыстырғанда ғана оны белсенді қолдана алады. Сондықтан бұл әдісте тіл тек грамматика жүйесі ретінде емес, адамның күнделікті қарым-қатынасын, туыстық байланысын, салт-дәстүрін, дүниетанымын білдіретін мәдени код ретінде түсіндіріледі.

Зерттеудің мақсаты – берілген «Ситуативті қазақ тілі» әдістемесінің мазмұнын ғылыми стильде сипаттап қана қоймай, оның ішкі құрылымын, педагогикалық тиімділігін, әлеуметтік-мәдени әлеуетін және практикалық шектеулерін аналитикалық тұрғыдан бағалау. Бұл мақсатқа жету үшін мақаланың негізгі міндеттері ретінде мына бағыттар белгіленді: әдістеменің теориялық негізін айқындау; үш модульдік құрылымын талдау; әдістеменің артықшылықтары мен ықтимал тәуекелдерін көрсету; ересектерді оқытудағы қолдану мүмкіндігін саралау; әрі оны жетілдіру бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі

Зерттеуде сапалық мазмұндық талдау, құрылымдық-семантикалық саралау және функционалды-прагматикалық талдау тәсілдері қолданылды. Сапалық мазмұндық талдау негізгі ұғымдар мен қайталанатын идеяларды жүйелеуге мүмкіндік береді. Құрылымдық талдау курс блоктарының өзара байланысын анықтайды. Функционалды-прагматикалық талдау тілдік материалдың нақты сөйлеу жағдаятында қандай қызмет атқаратынын түсіндіруге бағытталған. Бұған қосымша SWOT талдау әдісі арқылы әдістеменің күшті жақтары, әлсіз тұстары, даму мүмкіндіктері және сыртқы тәуекелдері сараланды.

Ғылыми тұрғыдан бұл әдістемені коммуникативтік оқыту, жағдаяттық оқыту, мәдениетаралық құзыреттілік және формулалық тіл бірліктерін меңгерту теорияларымен байланыстыруға болады. Коммуникативтік оқытуда тіл үйренудің негізгі мақсаты – ережені білу емес, сол ережені қарым-қатынаста орынды қолдану. Жағдаяттық оқыту тілдік әрекетті белгілі бір әлеуметтік контексте қарастырады: амандасу, қоштасу, құда түсу, қонақ қарсы алу, үлкенмен сөйлесу, пікір білдіру, кешірім сұрау сияқты әрекеттердің әрқайсысында тілдік норма мен мәдени норма қатар жүреді. Ал мәдениетаралық құзыреттілік тіл үйренушінің басқа мәдениетті түсіну, құрметтеу және сол мәдени ортада қарым-қатынас жасай алу қабілетін дамытады.

«Ситуативті қазақ тілі» әдістемесінің маңызды ерекшелігі – тіл мен мәдениетті ажыратпай қарастыруы. Бұл бағытта қазақ тіліндегі сөз орамдары, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, салттық мәтіндер, туыстық атаулар және қарым-қатынас этикеті оқытудың негізгі материалына айналады. Мұндай амал тілдік бірліктің мағынасын ғана емес, оның қолданылу себебін, эмоциялық реңкін, әлеуметтік салмағын да түсіндіреді. Мысалы, «құшақ жая қарсы алу», «намысты қолдан бермеу», «қысқа да нұсқа», «нұр үстіне нұр» сияқты тіркестер жеке аударма арқылы емес, қазақ тіліндегі мәдени логика арқылы меңгерілуге тиіс.

Ересектерді оқыту тұрғысынан әдістеменің прагматикалық бағдары ерекше маңызды. Ересек үйренуші көбіне ұзақ теориялық курстан гөрі қысқа мерзімде қолдануға болатын дайын тілдік құралдарды қажет етеді. Ол үшін тіл үйрену мотивациясы нақты нәтижемен байланысты болуы керек: отбасылық

ортада қазақша сөйлеу, жұмыста сыпайы қатынас жасау, мерекелік шарада тілек айту, қазақы дәстүрді түсіну, ресми ортада өзін таныстыру және карапайым диалог жүргізу. Әдістеменің «өмірлік қажеттілік бар жерде сөйлеу» қағидасы осы психологиялық ерекшелікке сәйкес келеді.

Әдістеменің мазмұндық құрылымы

Курс үш ірі блокқа бөлінеді: «Адам», «Халық» және «Мәдениет». Бұл құрылым кездейсоқ емес. Бірінші блок жеке адамнан, оның амандасуынан, тегінен, отбасынан және туыстық жүйесінен басталады. Екінші блокта халықтың мінезі, дүниетанымы, тілге, жерге, бірлікке және дінге көзқарасы қарастырылады. Үшінші блокта салт-дәстүр, әдептілік, үйлену, құда түсу, тойлау, отбасылық және мемлекеттік мерекелер сияқты мәдени әрекеттер қамтылады. Осылайша курс микродеңгейден макродеңгейге қарай жылжиды: алдымен адам, одан кейін қауым, соңында мәдени кеңістік түсіндіріледі.

Бірінші блоктың дидактикалық мәні – тіл үйренушіні қазақ тіліндегі ең алғашқы әлеуметтік байланыстармен таныстыру. Амандасу мен қоштасу – тек сөз алмасу емес, қарым-қатынас мәдениетінің кіріспесі. Тек, жүз, ру, жеті ата тақырыптары тілдік материалмен қатар қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік құрылымды түсіндіреді. Отбасы, ата-ана, ұл-қыз және туыс атаулары арқылы үйренуші қазақ тіліндегі туыстық терминдердің бай жүйесін меңгереді. Мұндай мазмұн тіл үйренуді грамматикалық жаттығудан әлеуметтік танымға айналдырады.

Екінші блокта халықтық сипат, мінез және көзқарас мәселелері қарастырылады. Ақкөңілдік, қонақжайлық, білімқұмарлық, тағдырға сену, «сегіз қырлы» болу сияқты ұғымдар қазақ тіліндегі бағалауыш лексика мен мәдени концептілерді меңгертеді. Сонымен қатар байлыққа, бірлікке, билікке, дінге және мұраға көзқарас секілді тақырыптар тіл үйренушінің пікір айту дағдысын дамыта алады. Бұл жерде сабақ тек сөздік қорды толықтырумен шектелмей, құндылықтар жүйесін талқылауға, салыстыруға және диалог құруға жағдай жасайды.

Үшінші блок мәдени рәсімдерге бағытталған. Құда түсу, той, құдалық, отбасылық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, әдептілік нормалары – қазақ тілін нақты әлеуметтік іс-әрекет ішінде меңгертетін тақырыптар. Әсіресе құдалыққа байланысты өлең мәтіні, «құйрық-бауыр» рәсімі, үлкен және кіші құда ұғымдары тілдік материалдың салттық контекспен тығыз байланысын көрсетеді. Мұндай мәтіндер үйренушіге тек сөзді емес, сол сөздің қай

жағдайда, қандай эмоциямен, қандай рөлде айтылатынын түсінуге мүмкіндік береді.

1-кесте. Курс құрылымының аналитикалық сипаттамасы

Блок	Негізгі тақырыптар	Дидактикалық мақсаты	Қалыптасатын құзырет
Адам	Амандасу, қоштасу, тек, жүз, ру, жеті ата, отбасы, туыс	Тіл үйренушіні базалық әлеуметтік қатынасқа енгізу	Этикеттік сөйлеу, өзін таныстыру, туыстық атауларды түсіну
Халық	Мінез, қонақжайлық, көзқарас, тіл, жер, бірлік, мұра	Қазақ дүниетанымындағы құндылықтарды тіл арқылы түсіндіру	Пікір айту, салыстыру, мәдени концептілерді тану
Мәдениет	Салт-дәстүр, әдептілік, құда түсу, той, мерекелер	Рәсімдік және мерекелік коммуникацияда сөйлеуге үйрету	Жағдаяттық сөйлеу, тілек айту, мәдени норманы сақтау

3. Коммуникативтік-прагматикалық талдау

Әдістеменің бірінші артықшылығы оның практикалық және прагматикалық сипатымен байланысты. Бұл тәсіл «өмірлік қажет жағдаяттарда сөйлеуге үйретеді» деген оймен түсіндіріледі. Бұл тұжырым тіл үйретудегі маңызды қағидаға сәйкес келеді: үйренуші тілдік материалдың не үшін қажет екенін анық көрген жағдайда ғана оны белсенді меңгереді. Мысалы, «қалай амандасу керек?», «қазақша тілек қалай айтылады?», «үлкендермен қалай сөйлескен дұрыс?», «құдалықта қандай сөздер қолданылады?» деген сұрақтар нақты әлеуметтік қажеттілікке негізделген.

Коммуникативтік тұрғыдан алғанда, әдістеме тілдік құрылымды дайын сөйлеу үлгілері арқылы ұсынады. Мұндай үлгілер формулалық тіл бірліктері деп қарастырылады. Формулалық бірліктер – белгілі бір жағдайда тұтас күйінде қолданылатын тұрақты сөз орамдары. Олар тіл үйренушінің сөйлеуін жылдамдатады, қателесу қаупін азайтады және өзіне сенімділік береді. Қазақ тіліндегі амандасу, бата беру, тілек айту, көңіл айту, құрмет білдіру формулалары осындай бірліктер қатарына жатады.

Мақал-мәтел баламалары мен лепті сөйлем баламалары да осы бағытқа қызмет етеді. Мысалы, «Лучше поздно, чем никогда» тіркесіне «Ештен кеш жақсы», «Глаза боятся, руки делают» тіркесіне «Көз қорқақ, қол батыр», «Сказал – и точка!» тіркесіне «Айттым – бітті!» сияқты баламалар беріледі.

Мұнда мақсат сөзбе-сөз аудару емес, белгілі бір ойды қазақ тілінің табиғи бейнелеу тәсілімен айту. Бұл тіл үйренушіні калькадан арылтып, қазақша ойлауға жақындатады.

Дегенмен осы тұста аналитикалық ескерту қажет. Дайын үлгілерді меңгерту тиімді болғанымен, оларды механикалық жаттау жеткіліксіз. Үйренуші әр тіркестің қолданылу шекарасын, стильдік реңкін, жасы үлкен-кіші адамдармен сөйлесудегі айырмашылығын және ресми-бейресми контекстегі орнын білуі керек. Әйтпесе көркем тіркес орынсыз қолданылып, коммуникациялық қолайсыздық туғызуы мүмкін. Сондықтан әдістемені жетілдіру үшін әр тілдік үлгіге «жағдаят – сөйлеуші – адресат – мақсат – стиль» үлгісіндегі қысқа түсіндірме қосу пайдалы.

Этномәдени компоненттің рөлі

Әдістеменің екінші және үшінші артықшылықтары қазақ тілінің мәдени негізімен тығыз байланысты. «Көркем және дұрыс сөйлеу» ғасырлар бойы қалыптасқан сөйлеу үлгілеріне сүйену арқылы мүмкін болатыны, ал қазақ тілін мәдениет, тарих, дәстүр және менталитет туралы білімсіз толық меңгеру қиын екені айтылады. Бұл пікірдің ғылыми негізі бар: тіл – ұлттың ұғымдық әлемін, құндылықтар жүйесін, әлеуметтік қатынас нормаларын сақтайтын таңбалық жүйе. Сондықтан тіл үйрену сөздерді аудару ғана емес, мәдени мағыналарды түсіну үдерісі.

